



БІШКЕКТЕГІ ЖАҒДАЙ НЕНІ ЕСКЕРТЕДІ?

3

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



САЙРАН КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫ ЖАНДАНАДЫ

4

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



ЖАҢАҒА МӘЛІМ ЖОШЫ ХАН

Алматыда халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференция өтті

16

ӘКІМ

СЕЙСМОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

әлемдік стандарттарға сай болуы тиіс

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданына жұмыс сапары барысында Төтенше жағдайлар министрлігінің Сейсмологиялық бақылау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығының ғимаратына барып, мекеменің материалдық-техникалық базасымен танысты, проблемалық мәселелерді тыңдады.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұдан былай қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Сейсмология ғылыми орталығы жөнделіп, жабдықталады.

Орталық қызметінің негізгі бағыты – бүкіл ел аумағының сейсмикалық қауіптілігін бағалау және сейсмологиялық мониторинг жүргізу. Ғылыми орталықтың директоры Дәулет Сәрсенбаев 1986 жылы салынған орталық ғимаратында ешқашан күрделі жөндеу жүргізілмегенін, жабдықтардың басым бөлігі ескіргенін, сондай-ақ кадрлар тапшылығы тұрғанын атап өтті. Мегаполис әкімі қалада сейсмикалық қауіпсіздікті арттыру мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алудың заманауи технологияларын қолдана отырып, азаматтық қорғаудың барлық құрылымдарының өзара іс-қимылы күшейтілетінін атап өтті.

«Біз ғимаратты қала бюджеті есебінен жөндеу туралы шешім қабылдадық. Сондай-



ақ, ғылыми зерттеулерге шамамен 2 млрд теңге бөлінеді, бұл еңбекақы төлеу қорын ұлғайтуға, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға, жаңа кадрлар тартуға мүмкіндік береді. Бұл орталық қала үшін ғана емес, бүкіл ел үшін өте маңызды, сондықтан ол әлемдік стандарттарға сай болуы тиіс», – деді Ерболат Досаев.

Қазіргі уақытта сейсмологиялық бақылаулардың Республикалық желісі (PCCH) Қазақ-

станның 12 облысында және Алматы қаласында орналасқан 70 сейсмикалық станция мен бақылау пункттерінен тұрады.

Станцияларда 160 түрлі өлшем бойынша сейсмикалық, геофизикалық, гидрогеологиялық бақылаулар жүргізіледі. Сезілетін жер сілкінісі жағдайында кезекшілер жедел режимде оның параметрлерін анықтайды.

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №42 (6493) 24 мамыр, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ – ЖАҢА ҚАДАМ

Мемлекет басшысының Сингапурға сапары аясында
бірқатар құжатқа қол қойылды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан–Сингапур бизнес форумында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстан Сингапур стиліндегі экономикалық реформалар жүргізетін, мол мүмкіндіктер ұсынатын және экономикасы қарқынды дамып келе жатқан ел екенін айтты.

– Елімізде еркін нарықты дамытуға, инновацияны ынталандыруға және білімге негізделген экономикаға көшуге бағытталған ауқымды реформалар басталды. Бұл реформалар ең жоғары халықаралық стандарттарға, соның ішінде ЭЫДҰ стандарттарына сай келеді. Жақында мен ұлттық экономиканы айтарлықтай ырықтандыруға негіз қалайтын маңызды Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан аймақтағы инвестиция тартатын негізгі орталық болып қалуы үшін жаңа инвестициялық циклды іске қостық. Стратегиялық мақсатымыз – 2029 жылға қарай шетелден 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тарту. Біз инвесторларға кешенді мемлекеттік қолдау көрсету және шұғыл шешім қабылдау қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Осы мақсатта стратегиялық, инвестициялық жобаларға жетекшілік ететін құзыреті жоғары Инвестициялық кеңес құрдық, – деді Мемлекет басшысы.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.05.2024

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

25.05.2024

Түнде:



+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz



● ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ – ЖАҢА ҚАДАМ

Мемлекет басшысының Сингапурға сапары аясында бірқатар құжатқа қол қойылды

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Сингапурға аса маңызды шикізат пен табиғи ресурстарды жеткізуге дайын екенін айтты.

– 2040 жылға қарай сирек кездесетін металдарға деген әлемдік сұраныс төрт есе артатынын ескере отырып, шамамен барланбаған 5000 кен орны бар Қазақстан осы әлеуетті бірлесе дамыту үшін сенімді серіктес бола алады. Біз Қазақстандағы мыс және фосфат кен орындарын барлауға қызығушылық танытып отырған Indogata компаниясымен ұзақмерзімді ынтымақтастық орнатуға үлкен үміт артамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің жаңартылатын энергия саласындағы зор әлеуетіне қызығушылық артып келе жатқанын атап өтіп, Сингапур компанияларын экологиялық таза энергия өндіру, аталған салада технология және тәжірибе алмасу үшін серіктестікті кеңейтуге шақырды.

– Сингапур қоқыс жағу арқылы қуат өндіретін озық қондырғыларымен және қалдықтарды басқару жөніндегі инновациялық технологияларымен танымал. Бізді қалдықтарды реттеудің осы инновациялық тәсілі қызықтырады әрі аталған саладағы ынтымақтастықты дамытуға ниеттіміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, географиялық алшақтық пен байланыстың нашарлығы ұзақ жылдар бойы екі мемлекеттің экономикалық ықпалдастығын тежеп келді. Бүгінде жаһандану мен дамыған инфрақұрылымның арқасында елдер арасындағы өзара байланыс бұрынғыдан әлдеқайда жақсарды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев отандық «Қазақстан темір жолы» компаниясы мен сингапурлық PSA



Дереккөз: Ақ Орда баспасөз қызметі

International компаниясы арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытының немесе «Орта дәліздің» әлеуетін пайдалануға бағытталған синергиялық серіктестікті мысалға келтірді.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықтың маңызы зор екеніне назар аударды. Сингапур компанияларына бірлескен агроинновациялық орталықтар құру, дәлдігі жоғары егіншілік және су ресурстарын барынша тиімді пайдалану бағыттарында бірлесе жұмыс істеу ұсынылды. Президент биотехнология және медицина салаларында ықпалдастық жасау үшін мол мүмкіндік бар деп санайды.

– Біздің елдің фармацевтика саласы – өңірдегі ең қарқынды дамып келе жатқан нарықтардың бірі. Pfizer, Roche, GE Healthcare және Philips секілді әлемдік жетекші компаниялар дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтардың жергілікті өндірісін ашуды жоспарлап отыр. Біз бірлескен зерттеулерді, сондай-ақ дәрілер мен био-препараттар өндірісін қаржыландыру үшін «Бәйтерек» ұлттық холдингі мен Forebright компаниясының инвестициялық қор құру жоспарын құптаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық секторды өнімділік пен экономикалық өсімнің артуына әсер

ететін тағы бір перспективті бағыт ретінде атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Сингапур сияқты Еуразия құрлығында жетекші технологиялық және IT-хабқа айналуды көздейді. Нақтырақ айтқанда, еліміз жаңа әрі кешенді IT-жобалар, әсіресе жасанды интеллект саласында маңызды бастамалар жасау үшін R&D жобалар, стартаптар, білім секілді түрлі бағыт бойынша ауқымды ынтымақтастықты жолға қоюға мүдделі.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, «Астана» халықаралық қаржы орталығының инвестиция тарту ісіндегі артықшылықтарына назар аударды. – Бүгінде АХҚО алаңында әлемнің 80 елінің екі мыңнан астам компаниясы жұмыс істейді. Олар Қазақстанға және бүкіл өңірге инвестиция тартуға ықпал етеді. Сингапурдың 30-дан астам компаниясы АХҚО-ның резиденті саналады. Келешекте олардың саны арта түседі деп сенемін. Қаржы орталығы Сингапурдың Ақша-кредит басқармасымен қаржы технологиясы, «жасыл қаржы» және ислам банкингі салаларындағы өзара тиімді серіктестікті дамыту үшін тығыз қарым-қатынас орнатқан. АХҚО-да Қазақстан–Сингапур тікелей инвестиция тарту қорының құрылуы екі елдегі бірлескен кәсіпорындарды қаржыландыру үшін оңтайлы алаң бола алады, – деді Президент.

Форум аяқталғаннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Сингапур Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Экономикалық саясат жөніндегі үйлестіруші министр Хенг Сун Кеаттың қатысуымен бірнеше коммерциялық құжатқа қол қою рәсімі өтті.

AKORDA.KZ

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АДАМ КАПИТАЛЫ ДАМЫҒАН ЕЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 23-24 мамыр аралығында Президент Тарман Шанмугаратнамның шақыруымен Сингапур Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Өткен жылы Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси байланыстың орнағанына 30 жыл толды. Қос ел арасындағы байланыс, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салаларда берік дамып келеді. Президенттің мемлекеттік сапары аясында, байланыс сауда-экономика салаларынан бөлек, логистика, білім беру, адам капиталы салаларында байланыс артуда. Мақаламызда Оңтүстік батыс Азияның көшбасшысы саналатын Сингапур мен Қазақстанның ынтымақтастығының бүгіні мен болашағын талдап көрейік.

• Санскрит тілінде Сингапур «арыстан қаласы» мағынасын білдіреді. Сингапур қала-мемлекеті жалпы жер көлемі 719 шаршы км. (Алматы қаласы көлемі 682 шаршы км.). Мемлекет басты арал – Сингапурдан (ұзындығы 42 км., ені 23 км.) және жақын арадағы 63 ұсақ аралдардан тұрады.

• Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1993 ж. 30 наурызда орнатылды.

Елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді

Соңғы отыз жылда Сингапур мен Қазақстан арасында өзара сенім мен құрметке негізделген берік қарым-қатынастар орнады. Қазақстан мен Сингапурдың саяси-экономикалық дамуында ортақ тұстары көп. Қос мемлекет те тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін нарықтық экономиканың іргетасын

нөлден бастап қалап, заманауи саяси транспарентті жүйе қалыптастыра алды. Нәтижесінде қос мемлекет бүгінде – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азияның жетекші елдеріне айналып отыр. Болашақта сәтті ортақ жобаларды жүзеге асыруда қос тарап та мүдделі.

Қазақстан экономикасына салынған сингапурлық инвестиция көлемі 1,7 миллиард доллардан асады. Қазақстан мен Сингапур арасындағы сауда айналымы 2023 жыл қорытындысына сәйкес, 2 миллиард доллардан асты. Болашақта 5 миллиард долларға жеткізу көзделіп отыр. Қазақстан Сингапурге мұнай өнімдері, қара және түсті металл және тағы да басқа шикізат түрлерін экспорттаса, химиялық өнімдер, жабдықтар, фармацевтикалық препараттар, электроника құралдарын импорттайды. Алдағы уақытта ел арасындағы байланыс білім беру, ғылыми зерттеу, инновациялық технологиялар саласында артпақ.

Үйренеріміз көп

Сингапур – қала-мемлекет ретінде соңғы 60 жыл ішінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы шағын қалашықтан, бүгінде тұтас Азия

Тынық мұхиты аймағындағы ауқымды портқа ие, дамыған технологиялы мемлекетке айналды. Сингапурдың «экономикалық ғажайып» дамуының сыры транспарентті экономикалық жүйе орнықтыру арқылы жаһандық инвестиция аралына айналуында. Мемлекетте жүргізілген саяси сәтті реформалар арқылы сыбайлас жемқорлықты төмендетіп, заң үстемдігіне негізделген әлеуметтік жүйе қалыптастырды. Нәтижесінде Сингапур жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім бойынша әлемде үздіктер қатарына енді.

Сингапурлық «экономикалық ғажайыптың» философиялық негізінде еңбекқорлық, ғылым мен білімге негізделген құндылықтар жүйесі жатыр. Табиғи ресурстарсыз, электроника және жоғары технологияға, адам капиталына негізделген жүйе арқылы жоғары дамыған ел қалыптастыру қазір де барлық әлем үшін маңызды сабақ. Сингапур әлемге бүгінде инвестиция тарту және нанотехнологияға негізделген экономикасымен үлгі. Әлемде шетелдік инвестиция көлемі бойынша екінші орынды алатын Сингапурдың тәжірибесі еліміз үшін маңызды.

Сонымен қатар, Сингапур үшін Қазақстанның логистикалық әлеуеті өте зор. Сингапурлық компаниялар Қазақстанмен көлік және логистика саласында, құрлықтық сауда жолдары арқылы ынтымақтастық орнатуға мүдделі болып отыр. ХХІ ғасырдың «Жібек жолы» аталып кеткен «Бір белдеу, бір жол» бағдары аясында Сингапур Шығыс Азиядан құрлық арқылы Батыс Еуропаға тауар тасымалдаудың төте жолын іздеуде. Бұл тұрғыда Қазақстан мен Сингапурдың әлеуеті мығым.

Гуманитарлық, инвестициялық салада байланыс артып келеді

Қазақстан үшін Сингапур АСЕАН елдері арасында нөмірі бірінші инвестиция салған ел. Былтырғы жылдың есебінше Сингапур

тарапы елімізге 400 миллион доллардан асатын тікелей инвестиция салды. Алайда, сауда-экономикалық саладан бөлек, еліміз үшін ең маңызды сала білім мен ғылым, гуманитарлық тәжірибе алмасу негіздерін өркендету болып отыр. Себебі, адам капиталы бойынша сингапурлық тәжірибе бүгінде әлемде үздіктер қатарында. Бірден-бір жарқын мысал, елімізде соңғы отыз жыл бойына сәтті жүзеге асып келе жатқан «Болашақ» бағдарламасы.

Аталмыш бағдарламаның инсти-туционалдық негізі кезінде сингапурлық тәжірибені ескере отырып алынған болатын. Бүгінгі таңда Сингапур ұлттық университеті, Ли Куан Ю мемлекеттік саясат мектебі мен Назарбаев Университетінің Мемлекеттік саясат мектебі тығыз байланыста жұмыс істейді. Аталмыш тәжірибені еліміздің басқа да ғылыми-зерттеу орталықтары мен жоғары оқу орындарында жүзеге асыру өте маңызды болып отыр. Мемлекет басшысының бұл жолғы Сингапурға сапары аясында білім беру және ғылым саласында маңызды құжаттарға қол қойылды.

Жыл сайын жүздеген мамандарымыз сингапурлық компаниялар мен жоғары оқу орындарында білім алып, тәжірибесімен бөлісе, болашақта бұл үлес еселеп артатын болмақ. Сингапур мен Қазақстанның даму жүйесінде ортақ тұстары көп екендігін байқадық. Біріншіден, қос мемлекетте адами капиталдың дамуына жіті назар аударады, сондай-ақ аймақтық көшбасшы елдер болып отыр. Сондықтан Қазақстан мен Сингапурдың бір-бірінен үйренері көп.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





САРАПТАМА

ИЗРАИЛЬ-ПАЛЕСТИНА ҚАҚТЫҒЫСЫ

АҚШ–ЕО арасына сызат түсуі мүмкін бе?

22 мамырда батыстық ақпарат құралдарында Еуропа елдері Палестинаны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындады деген ақпарат тарады. Испания, Норвегия және Ирландия билігі 28 мамырдан бастап Палестинаны мемлекет ретінде мойындаймыз деп мәлімдеді. Осы аптада тағы бір еуропалық ел Словения да осындай шешім қабылдауы мүмкін. Еуропалық сарапшылардың пікірінше, алдағы уақытта Бельгия, Франция және Словения да мойындауы мүмкін. Өзге мемлекеттер АҚШ жаққа көз қырын салып отыр. Бұл «АҚШ пен ЕО арасына сызат түсірмей ме?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Палестинаның БҰҰ-ға мүшелікке жету жолы

Кез келген қоғамдық бірлестік өзін мемлекет ретінде жариялай алмайды. Ол үшін БҰҰ тарапынан мақұлдау алуы тиіс. Мемлекеттіліктің танылуы халықаралық құқық аясында шешілетін мәселе. Мысалы, Қазақстан БҰҰ-ға 1992 жылы 2 наурызда мүше атанып, бүкіл әлем мойындады. Ал Палестина бүгінге дейін мемлекет ретінде танылмай келеді.

Палестина 2011 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясына ұйымға мүше мемлекет ретінде қабылдауға өтініш білдірген. Бас Ассамблея жарғы рәсімдеріне байланысты өтінішті Қауіпсіздік Кеңесіне берген. Ол өз кезегінде ұйымға мүше болу мәселесін қарайтын кеңестің комитеті екі ай қарады. Бірақ ешқандай нәтиже болған жоқ.

Дегенмен, компромиске келгендей болды. Қауіпсіздік Кеңесі бір шешімге келмегенін, мәселені Бас Ассамблея қарастырды. Осылайша 2012 жылы 29 қарашада мүше мемлекет емес, бақылаушы-мемлекет мәртебесін иеленді. Бұл шешімді 138 мемлекет қолдап, тоғыз қарсы шықты. Қарсы болғандардың ішінде Канада, Чехия, Микронезия, Израиль, Маршал Аралдары, Науру, Панама, Палау және АҚШ болды. Ал 41 мемлекет қалыс қалды. Алға жылжу болғанымен, Палестина БҰҰ-ның толыққанды мүшесі атана алмады.



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

Израиль–ХАМАС қақтығысы бұрынғыдан өзгеше

2023 жылы Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыс оты қайтадан тұтанды. Бұл жолы Израиль мен Газа секторын басқарушы ХАМАС тобы арасында қақтығыс болды. 7 қазанда әскери әрекеттер басталып, жағдай бүгінге дейін тұрақталмады.

Осы орайда қазіргі қақтығыс өткен ғасырдағы Израиль мен Палестина арасындағы дау деп қабылдамаған дұрыс. Израиль Палестинаның территориясы саналатын Газа секторындағы ХАМАС тобымен күресуде. Израильдің сөзіне қарағанда, ХАМАС еврей ұлтына қарсы құрылған террористік ұйым. Бірақ олар бұл ұйымның тұтас елді басқармайтынын өз мәлімдемелерінде айтпайды. Сондықтан да БҰҰ-ға Палестинаны мүше мемлекет ретінде қосуға қарсы болып отыр.

Биыл 2 сәуірде Палестина билігі БҰҰ Бас хатшысына ұйымға мүшелікке алу туралы қайтадан өтініш білдірді. Ішкі рәсімге байланысты Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңесіне өтініш жіберген. 8 және 11 сәуірде комитетте мәселені қарап, ортақ шешімге келе алмаған.

«АҚШ–ЕО тандемі» – саяси миф

Қазақстан орыстілді ақпараттық кеңістікте өмір сүреді. Ол кеңестік жүйеден мұра болып қалды. Бұл кеңістікте кең тараған саяси мифтердің бірі «АҚШ–ЕО» немесе батыстың біртұтастығы екені сөзсіз. Шындығында, жағдай біз ойлағандай емес. Вашингтон мен Брюссель арасында, тіпті Еуропалық Одақ арасында біркелкілік жоқ. Бұл олар бір-бірімен мүлдем ат құйрығын кесісіп кетеді дегені емес. Кейбір мәселелерде әр елдің, одақтың жеке мүддесі болуы мүмкін. Олардың өзге аймақтық бірлестіктерден ерекшелігі бір мемлекет өз көзқарасын күш көрсетіп өзгеге таңа алмайды. Бірлесіп келіссөз жүргізу арқылы бір шешімге келеді.

Мысалы, Палестина мәселесін алайық. 10 мамырдағы құжатты қолдағандардың ішінде ЕО мүшелері де бар. Одақтың 27 мүшесінің 9-ы Палестинаны қолдайды. Бірақ бұл АҚШ пен ЕО арасына, еуропалық одақ ішінде сызат түседі дегені емес.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

БІШКЕКТЕГІ ЖАҒДАЙ НЕНІ ЕСКЕРТЕДІ?

Өткен аптада Бішкекте болған дүрбелеңнің дүбірі Қырғызстанды ғана емес, әлемнің біраз елін аралап кетті. Жалған ақпараттың жетегімен желіккен жұрт өзінің не себепті жиналғанын түсініп үлгергенше, мәселе халықаралық деңгейге көтеріліп шыға келді. Осы оқиға бізді де әр қырынан көз жүгіртуге шақырғандай. Себебі, бұл арада әлеуметтік-экономикалық мәселелерден тартып, миграция мен қоғамдық тәртіп, тіпті мемлекеттік халықаралық имиджіне саятын кейбір мәселелер де көзге шалынады. Оқиға Алатаудың арғы бетіндегі бауырлас елде болса-дағы, мұндай келенсіздік өз елімізде мүлде болмайды деп айта алмаймыз. Сондықтан да айыр қалпақты ағайынның арасындағы шү мен шұрқанның астарына үңіліп, себебі мен салдарына сөз қанжарын сап көрсек дейміз.

18 мамырға қараған түн

Әуелі жалпы оқырманға түсінікті болуы үшін оқиғаны басынан баян етейік. 17 мамырда түн ортасынан бастап Бішкектің «Чүй» даңғылы мен «Құрманжан Датқа» көшелерінің қиылысында жүздеген қала тұрғыны топталды. Топтың қарасы әп-сәтте көбейіп, түн ортасы ауа жиылғандар жаппай тәртіпсіздік орнатқан. Жергілікті азаматтар сол маңдағы шетелдік студенттер жайғасқан жатақханаға баса көктей кіріп, оның соңы жаппай төбелеске ұласқан.

Дүрбелең дүмпуі басылмай жатып-ақ, Пәкістан премьер-министрі Шебаз Шариф, Үндістан Сыртқы істер министрі Субраманья Жайшанкар қатарлы шетелдік лауазымдылар оқиғаға байланысты алаңдаушылық білдіріп мәлімдеме таратқан. Артынша бұл қатарға Бангладештің ресми өкілдері де қосылған. Өзге бірқатар елдің елшіліктері де Қырғызстандағы азаматтарына сақ болуды ескертті.

Қырғыз ақпарат құралдары ел ресмилеріне сілтеме жасай отырып, жаппай тәртіпсіздік әрекеттеріне қатысқандар саны 700–1000



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСКҰЛЫ.

адам шамасында болғанын хабарлаған. Ресми мәліметтерде зардап шеккен 41 адам медициналық жәрдемге жүгінгені айтылды. Олардың ішінде екеуінің жағдайы ауыр болған, ал 20 мамырға дейін 11 адам емханада болған.

Елдің ІІМ жаппай тәртіпсіздікті бастағандарға қатысты тергеуді бірден бастап кетті. Төбелесті бастаушы азаматтарды анықтау мен қолға алу істері жалғасып жатыр. Кешегі мәліметте, қылмыс жасады деген күдікпен 2003 жылы және 1999 жылы туған екі қырғызстандық қамалғаны айтылды.

Жанжал неден болды?

Жергілікті ақпарат құралдарының мәліметінше, оқиғаның басы 13 мамыр түнінде басталған. Бірінші, бірнеше жергілікті азамат шетелдік студенттерді тоқтатып, темекі сұраған, артынша қол көтерген. Шетелдік студенттер олардан қашып жатақханаларына кіреді, соңынан қуа барғандар өзге елден келген студенттерді ұрып, ақша және өзге де заттарын тартып алған. Жатақхана есіктерін теуіп, тіпті қыздар тұратын бөлмелерге дейін барған. Осы кезде шетелдік студенттер де топтасып, оларды тоқтатуға күш салған. Соңында төбелес жатақхана ауласында болып, жергілікті азаматтардың біреуі сонда соққыға жығылып ауруханаға түскен, ал қалғандары қашып кеткен.

Бұл – Бішкектегі «Атай Огонбаев» көшесіндегі жатақханада болған оқиға. Ауладағы төбелес бейне-бақылау камерасына түсіп қалған. Кейін оны белгісіз біреулер әлеуметтік желіге жүктеген. Алайда, онда істің мән-жайына түсініктеме берілмеген. Міне, осы бір видео түрлі қаңқу сөздер мен фейк ақпараттарға түрткі болады. Онда жазылған кейбір пікірлерде «Қырғыз азаматы өліпті», «шетелдіктер елімізде өз азаматымызды ұрып өлтірді» деген сынды жалған мәліметтер көбейген. Дәл осы жалған мәліметтер жүздеген адамды көшеге алып шығып, соңы жоғарыда айтқандай, дүмпулі дүрбелеңге ұласқан.

Кейін Қырғызстанның Ішкі істер министрі растағандай, 13 мамырдағы төбелес ешқандай адам өлімі болмаған. Ауруханаға түскен жергілікті азамат өз атын жасырып, жалған есіммен тіркелгені белгілі болған. Оқиғадан кейін тиісті органдар тергеу жұмысы басталғанын да жеткізіп, дүрбелеңді тыныштандырған.

Оқиғаның салдары қандай?

1. Біріншіден, оқиға қырғыз елінің халықаралық беделіне елеулі нұқсан келтірді. Президент Садыр Жапаров өз мәлімдемесінде бұл туралы қамыға отырып айтқаны бар. Оның үстіне елдің миллионнан астам азамат

ты еңбек мигранттары болып әр елде жүргендіктен, Бішкектегі оқиға шетелдегі қырғызстандықтар үшін де үлкен қолайсыздықтар алып келеді.

2. Экономикалық табысты азайтады. Елде 42 620 шетелдік студент білім алып жатыр. Айталық, медициналық жоғары білім алуға келген шетелдік студент жылына кемінде 3000 АҚШ долларын төлейді, оның сыртында тұтынушы ретінде шетел ақшасын Қырғызстанға әкеліп жаратады. Білім экспорты арқылы елдің медициналық ЖОО-дары қаржыға ие болып, жақсы дами бастаған. Білім іздеген шетелдік жастар миллиардтаған кіріс алып келіп жатқанын ел президенті де мойындады. Қырғыз медицина академиясында 3 мың шетелдік студент оқиды, олардан түсетін қаражат академияны қаржыландырудың 80 пайызын құрайды. Оқиғадан кейін елдің бұл бағыттағы кірісі азайып кетуі бек мүмкін.

3. Туризм саласына да кері әсер береді. Оқиғадан кейін Пәкістан өз азаматтарын елден шығарып кету үшін арнайы ұшақ жіберді. Нәтижесінде 130-дан аса азаматтарын алып кеткен. Мұндай кейстер елдің енді ғана дамып келе жатқан туризм саласына да кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Салмақты мәселе

Бұған қоса, Бішкектегі оқиға жалған ақпаратпен күрестің қаншалықты маңызды екенін де көрсеткендей болды. Әрі елімізде де миграция мәселесін қазірден бастап бақылауда ұстаудың керек екенін ескертті. Себебі, елімізде де мигранттардың көбейгеніне байланысты наразы пікірлер анда-мұнда айтылып қалып жүреді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде былтыр 27 000 шетелдік студент тіркелген. Олардың 14 мыңы Өзбекстаннан, 6 мыңға жуығы Үндістаннан. Мүлде басқа құндылықтар мен жат мәдениеттің адамдары арасындағы түсінбестік оңай туылып жататындықтан, болмашы оқиғалар салдары ауыр әлеуметтік араздықтарға ұласып кетуі ықтимал екенін аңғартады. Әрі аймақ әлем назарында тұрған қазіргі таңда мұндай оқиғаларды үшінші күштердің пайдалануға дайын тұратынын да ұмытпаған абзал.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ӘКІМ

САЙРАН КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫ ЖАНДАНАДЫ

Мегполис әкімі Ерболат Досаев Бостандық және Алмалы аудандарын жоспарлы аралау барысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде сумен жабдықтау желілерін салу, мектептерді жөндеу, қоғамдық кеңістіктерді көркейту жобаларын іске асыру барысымен танысты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Бостандық және Алмалы аудандарын аралап, сала басшыларына нақты тапсырмалар берді



Бостандық ауданы Марков көшесіндегі жаңартылып жатқан ұзындығы 1,2 км құбыр қала әкімінің назарына іліккен өзекті мәселенің бірі. Бұл желі 50-жылдардың соңында пайдалануға берілген, қазір әбден тозып, істен шығып, сумен қамтуда сыр беріп отыр. Былтыр басталған жұмыс мердігердің кесірінен кешіктірілді, соның салдарынан оны жауапсыз жеткізуші деп тану туралы талап қойылды. Бұдан басқа, қала құрылысын бақылау басқармасы мегполис басшысының тапсырмасымен компания алдындағы міндеттерінің орындалуын тексереді.

Ерболат Досаев нысанды тезірек пайдалануға беруді және қазылған жерлердегі асфальт төсемін қалпына келтіруді тапсырды. Жаңартылған құбыр 43 көппәтерлі тұрғын үйді және ауданның 6 әкімшілік ғимаратын сапалы сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алмалы ауданындағы Волховская көшесінде орналасқан сумен қамту станциясының да жағдайы мәз емес. 32 жылдан астам уақыт бойы жөнделмеген нысан апатты жағдайлардың жиі орын алып, сумен қамтудағы үзіліске себеп болып отыр. Мәселені түбегейлі шешу үшін қала басшысы станцияны жабдықты ауыстырумен

басшысының жұмыс сапары жөніндегі бірқатар ақпарат газетіміздің алдыңғы нөмірінде де жарияланған.

АУҚЫМДЫ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Сайран көлі Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды және қауіпсіз орынға айналады. Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша мұнда негізгі су айдынының келбеті мен функционалдығын өзгерту бойынша ауқымды жоба қолға алынуда.

Қала басшысы су қоймасының іргелес аумағын реконструкциялау және абаттандыру жұмыстарының барысымен жеке өзі танысты. Ерболат Досаев барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Сайран көлі Алматының полиорталықтарының біріне айналатынын, онда қала тұрғындары маусымға қарамастан балалармен бірге уақыт өткізе алатынын атап өтті.

Алматы әкіміне жобаны ландшафт сәулетшісі Нелли Лаптева таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі уақытта осы учаскеде қолда бар конструкциялар мен шағын сәулет пішіндерін бөлшектеу аяқталды. Жобаға сәйкес батыс және шығыс кіреберіс топтарының аркаларын жөндеу қарастырылған, онда қоршаулары бар жаяу жүргіншілерге арналған тас жолдар салынады. Солтүстік және оңтүстік жағалауларда тіреу қабырғалары және ұзындығы 250 және 150 метр болатын екі понтондық жаяу жүргіншілер өткелі болады.

Сонымен қатар, жағажай аймақтарына жаңа құм төселеді. Келушілерге ыңғайлы болу үшін іргелес аумақта: орындықтар,

урналар, бар үстелдерімен перголалар, фудкорт пайда болады. Белсенді демалыс үшін роллердромы бар скейтпарк, тренажерлар, паркурға арналған орын, велопарк, теннис корттары және балалар қалашығы жасалады.

Аумақты көгалдандыруға ерекше назар аударылады: 4 мыңға жуық ағаш, 7 мың шаршы метр жасыл желектен жасалған қоршау, гүлзарлар, 300 мың шаршы метр түрлі шөптер отырғызу жоспарлануда. Сонымен қатар, Сайранда алғаш рет су өсімдіктері – лотос пайда болады.

Абаттандыру жобасында 5 қоғамдық дәретхана мен итерді серуендетуге арналған қоршалған алаң жасау көзделген. Демалушылардың қауіпсіздігі 2 полиция пункті, 2 құтқару бекетін салу есебінен қамтамасыз етілетін болады. Демалыс аймағының периметрі бойынша бейнебақылау камералары мен дабыл түймелері іске қосылады.

«Біз екі жағалаудан ұзындығы 2,5 шақырым болатын бірыңғай серуендеу жағалауын жасаймыз. 250 және 150 метрлік екі пантонды өткел бар. Жағалау ені 11 метрге ұзарады. Төле би көшесі жағынан біз саябақты шудан, қурап кетуден қорғайтын және оның толық аяқталғанын білдіретін ауқымды жасыл аймақ жасаймыз. Жалпы, біз белсенді демалыс аймағын құратын боламыз. Теннис алаңына және қысқы мұз айдынына арналған желілерді тартатын боламыз», – деп атап өтті Нелли Лаптева.

Абаттандыру жобасымен танысқан қала басшысы келушілерге арналған паркингті ойластыруды, жасыл желектерге дұрыс күтім жасауды тапсырды.

Аудан тұрғындары Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевқа Сайран көлі аумағының ауқымды өзгеретіні үшін алғыстарын білдірді.

«Сайран туралы біздің өтініштерімізге назар аударғаныңыз үшін рахмет. Өте жақсы жоба», – деді қала тұрғындары.

Мегполис басшысы жалпықалалық жобалардың басты мақсаты – қаланың барлық аудандарындағы алматылықтардың жайлылығы мен қауіпсіздігі екенін атап өтіп, полиорталықтарды дамыту аясында мұндай тартылыс нүктелер қатарының артатынын айтты.

Жобаны іске асыру және жағалауды пайдалануға беру көктемгі өсімдік отырғызудан кейін 2025 жылдың мамырына жоспарлануда. Жаңарған жағалау Алмалы және Әуезов аудандарының тұрғындары үшін тартымдылық орталығына айналады және бір уақытта мұнда 3 мыңнан астам адам тыныға алады деп болжануда.

Еске салсақ, Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша 2022 жылы соңғы 50 жыл ішінде алғаш рет Сайран су қоймасының түбі коқыс пен лай шөгінділерден механикалық түрде тазартылды, содан кейін абаттандыру жұмыстары басталды. Абаттандырылған аумақтың жалпы ауданы 46,79 гектарды құрайды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ДИЗАЙН-КОД

Қала келбеті қалай өзгереді?

Стандартқа сай келмейтін жарнамалар жойылады

Алматының дизайн-коды «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес әзірленді. Бұл дизайн-код Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарының тарихи, ландшафттық-табиғи, функционалдық, жергілікті ерекшелігі мен заманауи қажеттілігін ескере келе, Алматы қаласының сәулеттік стилін қалыптастыру тәртібін айқындайды. Шаһар шырайын келтіретін, әлбетте, оның келбеті. Осыған орай, Алматы кәсіпкерлері тиісті жұмыстарды жалғастыруда. Соның бірі де бірегейі – стандартқа сай келмейтін жарнаманы жою.



Айнабай
МӘДИ

Шаһарымызда маңдайша мен сыртқы жарнаманы қаланың дизайн-кодына сәйкес келтіру жұмыстары жалғасуда. Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының қызметкерлері аудан әкімдігінің өкілдерімен бірлесіп, жергілікті жердегі коммерциялық нысандардың меншік иелеріне түсініктеме беруде. «Бүгін біз Алматы ауданының сауда үйлерінің бірінде кәсіпкерлермен кездестік. Оларға бұдан бұрын заңсыз жарнаманы демонстрацияда қажеттілігі жөнінде хабарлама берілген болатын. Олардың кейбірі мұны өздері жасаса, ал өзгелеріне жаңа норманы сол жерде қосымша түсіндіруге тура келді. Жалпы, біз бизнес өкілдеріне 900-ге жуық хабарлама тараттық. Демек, бүкіл қаланың сыртқы келбетін жақсарту, сондай-ақ визуалдық шуды азайту жөнінде жүйелі жұмысты жалғастырамыз», – деп атап өтті Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Нұрлан Боранбаев.

Наурыз айының орта шенінен бастап Алматыда қауіпсіз, жайлы, қолжетімді қалалық ортаны стилистикалық тұрғыдан

бірыңғай урбанистік кеңістікті қалыптастыруға орай жасалған дизайн-код әрекет етуде. Дизайн-код стандартына сай келмейтін жарнаманы демонстрацияда мәселесі бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен «Атамекен» өңірлік палатасының алаңында талқыланды. Алматының дизайн кодының негізгі қағидаты мен философиясы қаланың бірегейлігін сақтауға, «ақылды» навигация үшін әлеуметтік медианы пайдалануға, тұрғындар арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандыруға бағытталған. «Қала өміріне бей-жай қара алмайтын тұрғындар, кәсіпкерлер бұл процеске белсенді қатысып жатқаны қуантады. Бұл – эстетикалық көрініс, тиісті түс гаммасы, ерекше сәулеттік шешімдер. Бір сөзбен айтқанда, біз Алматының тартымды, танылатын, қайталанбас бірыңғай стилін қалыптастыруға ұмтыламыз. Әрқайсымыз ортақ іске өз үлесімізді қосамыз деп үміттенемін», – деді «Атамекен» өңірлік палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов.

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Нұрлан Боранбаев әр қаланың өзіндік тарихы, түпнұсқалығы, мемлекеттік функциясы бар. Осының бәрі қала келбетін қалыптастырады. «Қала келбеті – жылдар бойы қалыптасатын бейне. Алматының құрылыс пен абаттандыруда, мәдени

қорда көп жылдық мол тәжірибесі бар. Басқа қалалардың да тәжірибесін пайдалану керек. Осы орайда қала коды маңызды рөл атқарады», – дейді сарапшылар.

Дизайн-кодты әзірлеу жобасының бас сәулетшісі Тахмина Сафоева нормативтік-құқықтық акт (НҚА) барлық кәсіпкерлер мен жалпы қала тұрғындарына қолжетімді әрі түсінікті болу үшін әзірленгенін атап өтті. Бұл сыртқы ақпаратты дизайн-кодтың талабына сәйкестендіру процесін жеңілдетеді. Әзірлеушілер кәсіпкерлерге сыртқы ақпаратты жаңартылған талапқа уақытылы сәйкестендіру үшін дизайн-кодпен танысуға кеңес береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Любовь НЫСАНБАЕВА,
Қазақстанның қала құрылысшылары одағының президенті, Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесінің төрағасы:

Дұрыс шешім

Алматы – көптеген адамдарға өзінің тазалығымен, жарқын шуақты таңымен, контрастық таулы пейзажымен, жасыл орамдардың, тау өзендерінің пропорциясымен, сәулет пен тарих, қала құрылысының әдемі ескерткіштерімен ерекшеленетін сүйікті мекен. Дизайн-кодтың басты мақсаты – қаланың бейнесін, оның сұлулығы мен ыңғайлылығын сақтау. Еліміздің тұрғындары үшін бұл Алматыда өмір сүру, өсіп-өркендеу – арман әрі бақыт. Дизайн-код арқылы Алматының дамуына жұмсалған талант, еңбек пен махаббат – қала үшін маңызды қадам.

Свят МУРУНОВ,
урбанист:

Халық пікірін жинау маңызды

Бірінші қабаттардың айналасында ыңғайлы әрі қауіпсіз жаяу жүргіншілер аймағын қалыптастыру қала тұрғындары үшін де, шағын және орта бизнес үшін де орынның тартымдылығын арттырады. Мұнда жазғы алаңқай, шығарылатын сөре, сәкі, жасыл желектер, ШСН орналастырылуы мүмкін. Бірінші қабаттарды жоспарлау, дамыту процесіне тұрғындар мен бизнесті тарту олардың қажеттілігі мен мүддесіне сәйкес келетін кеңістік құруға көмектеседі.

Тартымды және қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуде дұрыс жарықтандыру мен дизайн маңызды. Урбанист сонымен қатар жиһаз бен қалалық ортаның басқа да атрибутын өндірушілерді, шебер мен колөнершілерді, суретші мен мүсіншілерді, сәулетші мен дизайнерлерді қоса алғанда, халықтың түрлі топтарының пікірлерін жинау маңызды.

СОТ ШЕШІМІ

РҰҚСАТСЫЗ САЛЫНҒАН

Pine Hill клуб үйінің үшінші қабаты бұзылды

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының хабарлауынша, «Ерменсай» ш/а, 7 бұрыш, 8/1 учаскедегі ТҮК-нің үшінші қабаты бұзылды.

Тапсырыс беруші (жеке тұлға) екі қабатты үйдің құрылысына рұқсат құжаттарын алған, бірақ ол қосымша тағы бір қабат тұрғызған, бұл жоспардан тыс тексеру барысында анықталды.

Соның нәтижесінде меншік иесіне қатысты ҚР ӨҚБТК 316-бабы 1, 462-бабы 3 бойынша әкімшілік шаралар қабылданды.

Басқарманың талап-арызы бойынша сот талқылауларының қорытындысына сәйкес, 2022 жылы 15 маусымда Алматы қалалық соты 3-қабатты бұзу туралы шешім шығарды.

Нысанның қабатын бұзу бүгін Өділет

департаменті сот орындаушыларының қатысуымен басталды. Төменгі қабаттарға зақым келтірмеу үшін қолмен бұзылып жатыр. «Жер учаскелерінің меншік иелері мен құрылыс компанияларын ҚР Сәулет және қала құрылысы қызметі туралы Заңның және құрылыс салуды ұйымдастыру ережелерінің бұзылуына жол бермеуге және құрылысты тек заңды негізде бастауға шақырамыз», – деп атап өтті басқармада.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев заңсыз құрылысты бақылауды күшейтуді тапсырған болатын.

Жалпы, қалада талап қою қызметінің нәтижелері бойынша өткен жылдан бастап 34 заңсыз нысан толығымен немесе жартылай бұзылды, оның ішінде бизнес-орталықтар, мейрамханалар, қосалқы ғимараттар мен автосервистер, сондай-ақ «Мечта» және KHAN сияқты ірі тұрғын үй кешендері бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ФЕСТИВАЛЬ



«Jas Gala» жеңімпаздары марапатталды

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен қала жастары арасында «Jas Gala» жастар фестивалі өтті.



Досбол
АТАЖАН

Бір айға созылған фестивальде қатысушылар вокал, хореография, мобилография, аспаптық орындау, театр бағыттары бойынша бақ сынаған. Жалпы жобаға 2,5 мыңнан астам студент қатысты. Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау рәсімі «Алатау» театрында ұйымдастырылды.

Марапаттау рәсімінде алғашқы болып сөз алған Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев фестивальге белсенді қатысқан студенттерге алғыс айтып, жеңімпаздарды құттықтады. Ал Алматы студенттер альянсының басшысы Жасұлан Қуандық іс-шараның жүзде қоры 7,5 миллион теңге болғанын айтты.

– «Jas Gala» фестивалі Алматы қала-

сында үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Оған қаладағы барлық ЖОО-лар мен колледждердің студенттері қатысты. Нақты айтқанда, 30 ЖОО және 23 колледжден 529 өтінім келіп түсті. Фестивальдің жүлде қоры – 7 500 000 теңгені құрады. Фестивальге қатысу үшін алдымен университет және колледж ішінде іріктеу болды. Оның жеңімпаздары қалалық жарысқа қатысты. Жеңімпаздар пирамидалық жүйе бойынша марапатталды: бір – бірінші орын, екі – екінші орын, үш – үшінші орын. Сондай-ақ, әр бағыт бойынша 5 номинациядан берілді, – деді Алматы студенттер альянсының басшысы Жасұлан Қуандық.

Фестивальге қатысқан Өнер академиясының студенті іс-шара туралы өз ойымен бөлісті.

– Біз Жүргенов атындағы Өнер академиясының атынан «Jas Gala» фестиваліне қатысып жатырмыз. Өзім 2-курс студентімін. Біз Рюноске Акутагаваның «Тозақ азабы» туындысын сахналадық. Фестиваль өзіме ұнады. Бұл қала жастары өз шығармашылығын паш ететін алаң деуге болады, – деді «Jas Gala» фестиваліне қатысушы Мақсат Жастілек.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



БРИФИНГ

МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ

ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ

2024 жылдың I тоқсанында 5,2%-дан 4,6%-ға дейін төмендеді

Бүгінде Алматыда 14 пен 35 жас аралығында 682 мыңнан астам жас тұрады, яғни тұрғындардың жалпы санының 32%-ы жастарға тиесілі. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы NEET-жастардың үлесін 2024 жылдың I тоқсанында 7,4%-дан (47,9 мың) 6,6%-ға дейін (43,9 мың) төмендетуге мүмкіндік берген жастарды әлеуметтендірудің жүйесін құрды. Басқарма мәліметінше, соңғы жылдары NEET-жастар мәселесі көптеген елдер үшін негізгі әлеуметтік-экономикалық міндеттердің біріне айналды.



Сондай-ақ, Жастар саясаты басқармасы қаланың 8 ауданында Мансап күндерін өткізіп жатыр. Іс-шараның мақсаты – жастарды жұмысқа орналастыру және оқытуды тиімді үйлестіру. Дәстүр бойынша, іс-шарада қаланың 400 ірі компаниясынан 1,5 мыңнан астам бос жұмыс орны ұсынылды.

2023 жылы Қалалық мансап орталықтарында 10,8 мың жас оқытылып, жұмысқа орналасқан. 2024 жылдың басынан бері 3,1 мың жас оқытылды.

– Біздің ауданда жастардың саны 77 мыңға жуық. Оның ішінде NEET-жастардың үлесі 6 мың. Жыл басынан бері Түркісіб ауданындағы комьюнити-орталыққа жұмысқа орналасу, шағын курс оқу мәселелері бойынша 1200 адам жүгінді. Біздің мақсатымыз – NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыруға көмектесіп, қоғамға қосу. Мұндай комьюнити-орталықтары Алматының барлық 8 ауданында бар, – деді Түркісіб ауданы бойынша жұмысқа ор-

наластыру және шағын курстарды оқыту менеджері Маржан Өтегенова.

Қалада жастарды қолдау мақсатында «Jobfair365» жұмысқа орналастыру және «SkillBrigde» оқыту қызметтері бар «Jasalmaty.kz» порталы құрылды. «Бұл қалай жұмыс істейді?» деген сұраққа тиісті басқармада жұмыспен қамту платформасында ұсынылған әрбір бос жұмыс орны «Дағды» тегтерімен белгіленетінін түсіндірді. Мысалы, программистер жұмысы бағдарламалауға және әзірлеуге байланысты тегтермен белгіленеді. Тегін курстарда олардың мазмұны мен құрылымына қарай тиісті тегтері бар. Ақпараттық порталдың қазірдің өзінде 25 мыңға жуық бірегей пайдаланушылары бар. 5 мың жұмыс беруші тіркеліп, 5 мың бос жұмыс орны орналастырылды. Нәтижесінде 4 мың адам жұмысқа тұрды. Jasalmaty.kz мобилді қосымшасын AppStore платформасынан жүктеуге болады. Google Play-де іске қосылу күтілуде.

– Мен Қызылорда қаласының тұрғынын, жасым 28-де. Өзім теміржол саласына қатысты мамандықты оқығанмын. Бірақ оқу бітірген соң мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмадым. Сондықтан Алматы қаласына арман қуып келдім. Мұнда көлік жуу орындарында, такси ретінде жұмыс істедім. Сөйтіп, бір күні Қалалық мансап орталығына келіп, өзіме қажетті ақпаратты алдым. 1 айға жуық маркетолог мамандығы бойынша шағын оқыту кезеңінен өттім. Қазір Түркісіб ауданының комьюнити-орталығында жоба менеджері болып жұмыс істеймін, – деді Олжас есімді азамат.

NEET-жастарды әлеуметтендірудің маңызды жетістіктерінің бірі – жаңа инфрақұрылым құру. Бұл қаланың әр ауданында жастарға қолдау көрсетуге бағытталған комьюнити-орталықтар. Мұнда жастарды қолдау үшін қажеттінің бәрі бір жерде жинақталған: бұл әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру, психологиялық және заңгерлік көмек, NEET-жастарын қысқа мерзімді курстар арқылы өзекті мамандықтарға оқыту және жұмысқа орналастыру. Комьюнити-орталықтар жастарды қызығушылықтарына қарай біріктіре отырып, бойындағы күш-жігері мен әлеуетін өзіне, тиісінше қоғамға пайдасын тигізуге бағыттайды. Айта кеткен жөн, 2024 жылы тағы 4 комьюнити-орталық ашу жоспарланған.

Барлық әлеуметтендіру шараларының арқасында Алматыда 2023 жылы 47 мыңға жуық жас (тұрақты – 40 мың, уақытша – 7 мың) жұмысқа орналастырылса, биыл I тоқсан ішінде 9 мыңнан астам жас жұмыс тапқан (4,6 мың – тұрақты жұмыс орны, 4,4 мың – уақытша жұмыс орны). Ал жастар жұмыссыздығының деңгейі 2024 жылдың I тоқсанында 5,2%-дан 4,6%-ға дейін төмендеді.

Досбол
АТАЖАН

Осы орайда, Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар бағдарламасы аясында Жол картасы бекітіліп, онда жастарды әлеуметтендіру үшін жаңа кешенді тәсілдер қарастырылған. Мысалы, 2023 жылдың ақпанында жұмыс берушілер мен жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын үйлестіруге мүмкіндік беретін Қалалық мансап орталығы ашылды. Егер бұрын мансап орталықтары әр оқу орнында бөлек жұмыс істесе, қазір олар жұмыс берушілермен, еңбек мобильділігі орталығымен және басқа да құрылымдармен бір алаңда біріктіріліп, өзара жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Орталық барлығы 3 мың адамды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТҮРКІСІБТЕ БОС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Түркісіб ауданында «Career Day» бос жұмыс орындар жәрмөңкесі өтті.

Іс-шараға IT, қаржы, білім беру және т.б. әртүрлі саладағы жетекші компаниялар қатысты. Қатысушылар арасында бос жұмыс орындарын ұсынуға дайын ірі корпорациялар да, перспективалы стартаптар да болды.

– Бүгінгі іс-шараның мақсаты – NEET санатындағы жастарға, ЖОО мен колледж түлектеріне бос жұмыс орындарын ұсыну. Бүгін жәрмөңкеге 120-дан астам жұмыс беруші қатысуда. Олар 2 мыңға жуық бос жұмыс орындарын ұсынып отыр. Бос жұмыс орындары жәрмөңкесіне қатысып жатқан жастардың орта жасы 22–25 жас аралығында. Ең сұранысқа ие мамандық – желілік менеджер. Компаниялар ұсынып отырған орташа жалақы 250–300 мың теңге көлемінде, – деді Жастар саясаты басқармасы жанындағы Қалалық мансап орталығының директоры Асқар Азамат.

«Career Day» – бұл әртүрлі компаниялар өздерінің бос жұмыс орындары мен дарынды мамандар үшін мүмкіндіктерін ұсынатын алаң.

– Біз бұған дейін қаланың өзге 5 ауданында өткен жәрмөңкелерге қатыстық. Бүгін Түркісіб ауданына келдік. Бізге сату мамандары, менеджерлер қажет. Жұмыс іздеп жүрген азаматтарға бос жұмыс орындарымен қатар, білім алу мүмкіндігін де ұсынамыз. Жалпы жәрмөңкелер кезінде бізге жұмысқа орналастыруға 20-ға жуық адам жүгінді, – деді жұмыс беруші компания өкілі Мақпал Құсайынова.

Іс-шара барысында спорт шебері Евгений Пятов көлікті арқанмен тартып, жәрмөңкеге қатысушылардың көңіл күйін көтерді. Спортшыдан кейін жұмыс іздеп келген жастар да көлікті қозғалтып көруге мүмкіндік алды.

– Мен мұғалім мамандығы бойынша оқып жатырмын. Оқу бітірген соң өз мамандығыммен жұмыс істегім келеді. Бірақ бүгін оқумен қатар алып жүретін жұмыс іздеп келдім. Уақыт бойынша сәйкес келетін сатушы не менеджер секілді жұмыс іздеп жатырмын, – деді 3-курс студенті Аяна Ибадулла.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«НАУРЫЗ»
БАҒДАРЛАМАСЫАлматы бойынша 4 мыңға жуық
өтініш қабылданды

Жаңа тұрғын үй бағдарламасына қатысуға ниет білдірген қазақстандықтар арасында 35 жасқа дейінгі жастар көш бастап тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматыдағы «Отбасы банкі» АҚ директоры Данагүл Түсіпова мәлім етті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы, Астана және Шымкент қалаларымен қатар тұрғын үй сатып алу үшін ең көп тандалған бес қала мен өңір қатарына Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстары кірді. «Наурыз» бағдарламасы бойынша өтінімдер жұмыс күндері сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қабылданады. Баспана маркет платформасы (otbasybank.kz) сағатына орта есеппен 400 өтінімді қабылдайды.

Спикердің айтуынша, 15 мамырға дейін барлығы 14 000 жуық өтінім, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 3737 өтінім қабылданды. Өтінімдердің жартысы тұрғын үйге кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерінен түскен. Ал 2851 өтінім қабылданбай, кері қайтарылды. Негізгі себеп – клиенттердің депозиттерінде 1 млн теңге мөлшеріндегі қажетті сома жоқ болып шыққан. Бұл – «Наурыз» бағдарламасына қатысудың негізгі шарттарының бірі. Сондай-ақ, тұрғын үйі бар адамдардың да өтінімдері қабылданбады.

«Жуырда ғана «Отау» бағдарламасына қатысушылардың пулына кірген 8000 қазақстандықтың есімдері белгілі болды. Қазір біз олардан төлем қабілеттілігін растау туралы өтінімдерін қабылдап жатырмыз. Екі күннің ішінде банктің 500-ге жуық тұтынушысы несиеге мақұлдау алды. Келесі кезең – баспана таңдау. Осындай тәсілді біз «Наурыз» бағдарламасына да қолданамыз. Қазір «Отау» бағдарламасынан өтпегендер «Наурыз» бағдарламасына қатысуға өтінім бере алады. Онда мүмкіндік көбірек болмақ, себебі біз 12000 заем беруді жоспарлап отырмыз», – деді «Отбасы банк» АҚ Алматы қаласындағы филиалының директоры Данагүл Түсіпова.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі барынша ұзартылды. Үміткерлердің маусым айының соңына дейін бір жарым ай уақыты бар. Сондай-ақ, өтінім беру күні мен уақыты ұпай санағанда ескерілмейтін болады. Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін саралау басталады. Бағдарламаға қатысушылар тізіміне ең көп ұпай жинаған үміткерлер кіретін болады.

Данагүл Түсіпова ұпайлардың қалай есептелетініне тоқталып өтті:

- салым бойынша сыйақы мөлшері – әрбір 1000 теңге үшін 1 ұпай;
- тіркелген некенің болуы – 5 ұпай;
- балалардың болуы – 10 ұпай (балалар санына қарамастан);
- халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ) мәртебесінің болуы – 10 ұпай;
- 35 жасқа дейінгі жас (қоса алғанда) – 5 ұпай.

Егер екі қатысушының ұпайлар саны сәйкес келсе, онда тізімге енгізу кезінде басымдық салым сомасы көп және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамға беріледі.

Саралаудан кейін клиенттер банк сайтында «Наурыз» бағдарламасы бойынша өтініш берушілердің, атап айтқанда қатысушылар пулына енгендердің және ұпайлар бойынша өтпегендердің толық тізімін көре алады. Содан кейін қатысушылардың несиеге өтінім беруге уақыттары болады.

Заем бойынша оң мақұлдау алған үміткердің 2024 жылдың желтоқсан айының ортасына дейін баспана іздеп, сатып алуына уақыты болады.

«Наурыз» бағдарламасының шарттары:

- алғашқы жарна – 20%-дан бастап;
- тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін кредит бойынша мөлшерлеме – 7% (ЖТСМ 7,3%-дан 8,9%-ға дейін);
- азаматтардың барлық санаты үшін кредит бойынша мөлшерлеме – 9% (ЖТСМ 9,3%-дан 11,8%-ға дейін);
- несие мерзімі – 19 жылға дейін.



«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КӨЛІК ТҰРАҒЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Алматыда Милан мен Мәскеу сарапшыларының қатысуымен «Артық көліктің әбігері: жаңа шешімдер іздеу» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Соңғы екі жылда қалада тіркелген автокөліктердің саны 24%-ға өсті, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 40%-ға жетуі мүмкін», – деді Алматының даму орталығы жанындағы жобалық офистің «Көлік жүйесін дамыту» базалық бағытын іске асыру тобының жетекшісі Артур Шахбазян.

«Бүгінгі таңда автокөлік ауаның ластануының негізгі көзі болып табылады және егер біз қалада тұрудың жайлылығын қаласақ, жеке автокөліктердің санын азайту қажет. Ол үшін Алматыда 2030 жылға дейін қоғамдық көлікте жүру санын 64%-ға ұлғайту, сондай-ақ ақылы тұрақ аймағын кеңейту жөніндегі шараларды көздейтін көлік қаңқасының Шеберлік-жоспары қабылданды», – деді спикер.

Көлікті дамыту саласындағы тәуелсіз сарапшы Елена Ерзаковичтің пікірінше, қарапайым азаматтарға ғана емес, шешім қабылдайтын саясаткерлерге де ақылы тұрақтар мен экология арасындағы байланысты белсенді түрде түсіндіру қажет.

«Ақылы автотұрақ аймақтарының саны артқаннан кейін оның құны артады, қалада көліктер азаяды және сәйкесінше ауа сапасы жақсарады. Бұл адамдардың мінез-құлық әдеттерін өзгертеді, олар жеке көлікпен жүру керек пе, егер қажет болса, қысқа

Сарапшылар автокөліктер санын азайту шаралары туралы айтты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мерзімге бару керек пе деп ойлайды. Яғни қарапайым тілмен айтқанда, автокөліктердің санын азайту керек», – деді Елена Ерзакович.

Өз кезегінде, Милан қаласының көлік жүйесінің тұрақты жоспары бойынша сарапшылар кеңесінің мүшесі Федерико Паролотто бүгінде трафикті бақылаудың жаңа әдістерін әзірлеудің қажеті жоқ деп

санайды, Париж, Лондон, Милан сияқты қалалардың тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетті.

«Бұл ақылы автотұрақ аймағын кеңейту, белгілі бір аудандарға көліктің кіруіне шектеулер енгізу, электромобильдерге жеңілдіктер және т.б. Машинаның көптеген проблемалар тудыратынын түсіну маңызды, бұл жанармай құю, жуу, техникалық қызмет

көрсету және ең бастысы, ол үлкен көлемдегі қоғамдық кеңістікті алады. Сондықтан қанша жол салынса да, кептеліс мәселесін шешу мүмкін емес. Шығудың жалғыз жолы – қатаң шектеулер мен қоғамдық көлікті дамыту», – деп атап өтті шетелдік сарапшы.

Танымал урбанист Аркадий Гершман Стокгольмнің мысалын келтірді, онда ақылы жол жүру ақысы және тұрақ құны жоғары.

«Бастапқыда қала тұрғындары қарсы болды, бірақ бұл шаралардың тиімділігін сезінгенде, көпшілігі өз ойларын өзгертті. Өз қалаңызда күн сайын 10 балдық кептелістерді көру қалыпты жағдай емес. Сондықтан жеке автокөліктерге шектеулер енгізу, қоғамдық көлікті дамыту, велосипед жолақтарын құру әрқашан оң нәтиже береді», – деп атап өтті урбанист.

Мәскеуден келген көлік сарапшысы Сергей Андрейкин ақылы автотұрақтар қаланың қажеттіліктеріне қаражат жинау үшін емес, орынның айналымын арттыру үшін енгізілетінін атап өтті.

«Кезбе трафикті азайту және көлік санын реттеу үшін автотұрақ орталығында көп болуы әрі құны қымбат болуы тиіс. Мысалы, Алматыда тариф өте төмен. Әрине, жақын маңдағы үйлердің тұрғындары үшін резиденттік абонементтер қарастырылуы керек, бірақ олардың саны да шекті болғаны жөн», – деді Сергей Андрейкин.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар Алматы ерте ме, кеш пе, қымбат автотұрақ тарифіне және жеке көліктер үшін басқа да шектеулерге қол жеткізеді, бірақ мұның бәрі қоғамдық көліктің белсенді дамуымен қатар жүруі тиіс деген қорытынды жасады.

ТАЗАЛЫҚ

ЕСКІ ҚОҚЫС КОНТЕЙНЕРЛЕРІ АУЫСТЫРЫЛАДЫ



Алматы әкімдігі қатқыл тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару үшін инфрақұрылымды сапалы жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2024-2025 жылдары Алматыда ҚТҚ жинауға арналған 2905 тереңдетілген контейнерлер орнатылады. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен жұмыс сапары барысындағы кездесу кезінде айтты.

– 2012 жылдан бері орнатылған барлық контейнерлерді біз реконструкциялаймыз. Сонымен қатар, 516 жаңа тереңдетілген контейнер алаңы салынады, олардың

жартысы ағымдағы жылдың соңына дейін пайда болады. Өздеріңіз білесіздер, агрессивті ортаның әсерінен қоқыс жәшіктерінің металы тез ескіреді. 2025 жылдың соңына дейін барлық тозған контейнерлерді түгел ауыстырамыз, – деді Ерболат Досаев.

Алматыда өткен жылдың соңында тереңдетілген қоқыс контейнерлерін орнату жұмыстары басталды. Олардың артықшылығы – герметикалы және бұралқы иттер мен құстар оларға жете алмайды. Сондай-ақ, тереңдетілген контейнерлер жағымсыз иісті таратпайды әрі эстетикалы.

«Халықаралық тәжірибеге сәйкес, біз қапшықты контейнерлерді орнатуды жоспарлап отырмыз. Қызмет көрсету тұрғысынан – қоқыс контейнерлерін жуу, санитарлық тазартуда шүберектен жасалған қапшықты контейнерлер әлдеқайда тиімді. Сонымен қатар, биыл біз 1800 еуроконтейнерді ауыстырамыз», – деді Алматы қаласының әкімі.

БАЙҚАУ

Алматыда «Жас қанат – 2024» республикалық жас орындаушылар байқауы өтеді. Әлеуметтік жоба Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асады. Биыл ересектер мен балалар арасындағы байқау қатысушылары елден ерек. Байқау 6, 7 және 8 маусым күндері Алматыдағы Республика сарайының сахнасында өтеді. Ал ғимарат фойесінде «Жас қанат. Балалар» және «Азия дауысы» сурет көрмелері ұйымдастырылады.



ЖАС ТАЛАНТТАР АНЫҚТАЛАДЫ



Досбол
АТАЖАН

Биыл республикалық жарысқа өтінім берген қатысушылар қарасы өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда көп. Қазақстанның түкпір-түкпірінен «Жас қанатқа» – 75, «Жас қанат. Балалар» байқауына – 130 өтініш түскен. Іріктеу комиссиясы ниет білдірген адамдардың арасынан ересектер мен балалар байқауына қатысушылардың тізімін анықтады.

«Азия дауысы» қоғамдық қорының президенті Ирина Ковыряконың айтуынша, биылғы конкурсқа қатысушылардың барлығы сайдың тасындай іріктелген.

«Әр байқауда біз қызықты, ерекше орындаушыларды табамыз. Бірақ бұл жолы дарынды жастар көп болғандықтан ең лайықтысын таңдау оңайға соқпады», – деді Ирина Ковыряко.

Айта кеткен жөн, «Жас қанат» сахнасында талай отандық эстрада жұлдыздарының бағы жанған еді. Олардың қатарында Димаш Құдайберген, Медеу Арынбаев, Ерлан Көкеев, Нұрлан Абдуллин, «Үркер» тобы,

Бақыт Шадаева, Жанар Дұғалова, Мәдина Сәдуақасова, Құрмаш Маханов, Сәкен Майғазиев, Гауһар Қаспақова, Алтынай Жорабаева, Жанна Орынбасарова, Нұрлан Албан, Бейбіт Қорған бар.

*** «Жас қанат» байқауына – 75 өтініш;
* «Жас қанат. Балалар» байқауына – 130 өтініш түскен.**

Өткен жылдың басты ерекшелігі – байқауға қатысушылардың оркестрмен өнер көрсетуі – биыл да өзгеріссіз қалды.

Сонымен қатар, көрнекті дирижер Александр Беляков жетекшілік ететін AlJazz эстрадалық-симфониялық оркестрі ашылу салтанатын сүйемелдейді. Осы жылдың басты ерекшелігі – «Жас қанат. Балалар» байқауында белгілі композитор, дирижер, өңдеуші Илья Башкатовтың жетекшілігіндегі оркестр жұмыс істемек.

КӨГАЛДАНДЫРУ

Алматыдағы көпшәтерлі тұрғын үйлердің аумағында адамның көңілін жайландыратын көрікті аулалар көп. Жеке сектордағылар да мұндай әсемдіктен кенде емес. Мегаполис әкімі Ерболат Досаев қаланы көркейтуге бағытталған әрбір шарада алып шаһардың тазалық мәселесі мен аула аумақтарының көгалдануына да ерекше көңіл бөледі. Соның бір дәлелі ретінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында өткен «Үздік аула», «Үздік гүл отырғызушы», «Коммуналдық қызметтің үздік қызметкері» байқауын айтуға болады. Қала әкімдігі ұйымдастырған байқаудың мақсаты – қала тұрғындарын тазалыққа шақырып, көпқабатты үйлердің аула аумақтарын көріктендіру арқылы алматылықтардың әлеуметтік белсенділігін бағалау еді. Жақында сол байқаудың қорытындысы шығып, жеңімпаздар арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталған болатын.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛҒАН

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

КӨПКЕ ҮЛГІ КӨРШІЛЕР

«Жақсыны – көрмекке» деген. Жағым-ды жаңалықты ести сала біз үздік деп танылған аулаларды өз көзімізбен көріп, тұрғындармен тілдесіп қайтпақ ниетпен жолға шықтық. Алғашқы барған нүктеміз, Бостандық ауданына қарасты Сейфуллин көшесі, 546 мекенжайында орналасқан 9 қабатты үй. Зәулім үйдің алдынан бізді «Асыл мекен 546» мүлік иелері бірлестігінің төрайымы Рәзия Асанбекова қарсы алды.

Аулаға келген беттен көздің жауын алатын әдемілікті көрдік. Айналасы жасыл желекке оранып, қызылды-жасылды гүлдердің хош иісі аңқыған аулада тазалық шараларының күн сайын жүргізілетіні көрініп тұр. Есіктің алдында көлденең жатқан шөп жоқ. Мұнтаздай тап-таза. Үй ауласында раушан гүлінің бірнеше сорты, ромашка, ирис, гладиолус, гибискус, петуния, пион, т.с.с. 10-нан астам гүл түрі мен ағаштар өсіп тұр. Анадй жердегі балалардың ойын алаңы кеше ғана орнатылғандай жап-жаңа! Оған қапталдаса жасөспірімдерге арналған футбол алаңы бар екен. Тайқ тастам жер сайын қоқыс жәшіктері қойылыпты.

МИБ төрайымы Рәзия Елеусізқызының айтуынша, алғаш көшіп келген жылдары үй ауласы шаны аспанға көтеріліп жатқан тақыр жер болған. Кейін тұрғындармен ақылдаса келіп, ауланы көркейту жұмыстарын өздері қолға алыпты.

– Бұл үйде тұрғаныма 20 жылдан асты. Ауладағы әсемдіктің барлығы тұрғындардың ауызбіршілігінің, еңбекқорлығының арқасы. Әйтпесе, бұрын бұл жер бос жатқан. Ашық-шашық болған соң қаңғыбастар да үйір еді. Уақыт өте келе тұрғындармен сөйлесіп, өзімізге өзіміз жағдай жасайық деп алғашында жеке серіктестік аштық. Кейіннен «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес МИБ құруға шешім шығардық. Көпшілік бір ауыздан мені төрайым етіп сайлады. Бүгінгі күнге дейін пәтер иелерімен жиі бас қосып, қоржынымызда қанша қаражат

АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ ЕСІК АЛДЫНА МЫҢНАН АСТАМ ӨСІМДІК ТҮРІН ОТЫРҒЫЗҒАН



бар, оны қайда жұмсаймыз, қандай жұмыстар атқарылу керек деген секілді сұрақтарды ақылдасып шешіп келеміз. Мына жұмыстың барлығын таза ауада тыныстап, демалайық деп өзіміз үшін жасадық. Еңбегіміз бағаланып та жүр. Екі жыл бұрын қалалық байқауда 3-орын иегері, биыл Бостандық ауданы бойынша «Үздік аула» байқауының жеңімпазы атандық, – дейді Рәзия ханым.

9 қабатты үй 3 блоктан, 6 подъезден тұрады, 123 пәтері бар. Оның бірінші қабатындағы 10 пәтер коммерциялық бағытта қызмет көрсету үшін пайдаланылады. Байқағанымыз, үйде де, аулада да бүгінге дейін қыруар шаруа атқарылған. Өздері тұратын үй болғандықтан сапалы, заманауи құрылғылар таңдалған. 2016 жылы шатырларын ауыстырыпты. Подъез едендеріне кафельдің сапалысы төселген, керегелері сырланып, бейнекамералар орнатылған. Алты жыл бұрын лифттерін жаңартып, пошта жәшіктерін қойыпты. Құбырлардағы ақауларды арнайы қызмет көрсететін компаниялар шақырып, жөндетіп алған. Ауладағы ағаштар мен гүлдер де толығы-

мен өз қаражаттарының есебінен отырғызылған. Ал балалар ойнайтын алаңға Бостандық ауданы әкімдігінің қолдауымен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы қол жеткізіпті. Енді үйдің қасбетін жаңарту жоспарда тұр. МИБ төрайымының айтуынша, әзірге оған қаражат жағы тапшы болып тұр. Өйткені, бұл үйде зейнеткерлер көп тұрады. Есесіне, ешкім ешқайда қарыз емес, борышкер емес екен.

Өңгіме ауаны қайта тазалыққа ауысқанда Рәзия Елеусізқызы үйдің ауласын негізінен көше сыпырушылар тазалайтынын айтты. Бірақ олар аула тазалығына толықтай жауапты деген сөз емес дейді ол.

– Бізде ауламызды сыпыратын, тазалайтын адам бар деп кез келген жерге қоқыс тастауға жол берілмейді. Балалар да бұл тәртіпке бағынады. Олар қоқысты арнайы

Баян ЖИДЕБАЕВА,
«Асыл мекен 546» МИБ есепшісі:

МӘСЕЛЕМІЗДІ ӨЗІМІЗ ШЕШЕМІЗ

«Үздік ауланың» тұрғындары атануымызға Рәзия Елеусізқызының еңбегі зор. Ол өте білікті, сауатты басшы. Рәзиядай маман ілуде біреу-ақ десем, артық айтқандық емес. Өйткені, ол жердегі құбырлардан шатырға дейінгі жұмыстардың барлығын бес саусақтай біледі. Көпшілікпен тез тіл табысып, ортақ мәмілеге келе алатын ерекше қасиеті бар. Менің ойымша, МИБ басшысы ретінде сол үйдің тұрғынын сайлаған дұрыс. Себебі, ол өзі тұрған үйдің жағдайын, қай жерге не керек екенін жақсы біледі. Мен де осы үйдің тұрғынымын. Сондықтан біз өз ауламыздың мәселесін өзіміз шешеміз. Сырттан адам жалдап қаражатымызды босқа шашпаймыз.

жәшіктерде тастайды. Бұл, әлбетте, үйде тұратын үлкендердің жастарға көрсеткен үлгісі, – дейді МИБ басшысы.

Рәзия Асанбекова негізгі жұмысынан бөлек, өзі тұратын үйдің тірлігін қатар алып жүрген жан. Ол МИБ-тің жұмысы негізгі қызметіне еш кедергі жасамайтынын айтады.

– Егер жұмысыңды дұрыс жоспарлай білсең көп уақыт алмайды. Тазалықты, әдемілікті жақсы көремін. Сол себепті, маған бұл жұмыс еш қиындық тудырмайды, – дейді Рәзия Асанбекова.

БІР ҮЙДІҢ
БАЛАСЫНДАЙМЫЗ

Біз үйден шығып келе жатқанда, қарсы алдымыздан өзін осы үйдің тұрғынымын деп таныстырған 73 жастағы Әлия Сейдалимова апаймен таныстық. Дәрігерге барып келе жатқан беті екен. Жүзі жылы, қимылы ширақ апамыз жайқалған ауласы бар үйде тұрып жатқанын мақтан ете келіп, МИБ төрайымының еңбегіне ризашылығын білдірді.

– Біздің үйдің тұрғындарының бірлігі бекем, тірлігі көркем болғанына өз басым қуанамын. Мұнда біз еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін барлығын танимыз. Бір үйдің баласындаймыз десем де болады. Жастар жағы үлкенді сыйлап, құрметтесе, үлкендер батасын беріп, үлгі-өнеге көрсетіп келеміз. Ал мынадай ел тамсанатын сұлулықты жасаған Рәзия Елеусізқызына айтар алғысымыз шексіз. Жаратқан Иеміз осы бірлігімізден айырмасын. Мен басшымызды «Маленькая хозяйка, большого дома» деймін. Өйткені, ол үйге қатысты шаруалардың барлығын шын көңілімен, барын салып атқарады. Жаны нәзік болса да, үлкен істерді тындырып жүрген жан. Ол – біздің мақтанышымыз, – дейді Әлия апа.

P.S.

Тынымсыз еңбектің арқасында ауласын жайқалтып, тұрғындарды көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына бір үйдің баласындай жұмылдырып жүрген Рәзия Елеусізқызының іскерлігіне сүйсіндік. Есігінің алдынан шатырына дейінгі жағдайды жатқа біліп, істі үйлестіріп отырған үй төрайымына пәтер иелері де дән риза.



РУХАНИЯТ

ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОШЕМЕТ

Алматыда мәдениет және өнер қызметкерлері марапатталды

Еліміз 21 мамыр күні Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін атап өтті. Бұл күні руханияттың дамуына зор үлесін қосып жүрген осы сала қызметкерлерінің еңбегі жанып, лайықты бағасын алды. Жалпы, еліміз тәуелсіздік алған соң, ел мәдениетінің жандануы жолында еңбек етіп келе жатқан өнер саласына да ерекше құрмет көрсетіле бастады. Сондықтан бұл күн алғаш рет 1998 жылдың қыркүйек айының соңында аталып өтіп, кейін күнтізбеде 21 мамыр деп белгіленіп, қазір тұрақты түрде аталып өтуде.

Рая
ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаламқас АҒЫБАЕВА,
Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты
Чехов атындағы кітапхана қызметкері:

– Қаламыздағы Чехов атындағы кітапхананың «Кітап қорын сақтау» бөлімінде еңбек етіп келе жатқаным 31 жыл болды. Осы жылдарда ішінде еңбегім еленіп, бірнеше мәрте «Мақтау қағаздарын», «Алғыс хат» алдым. Дегенмен, «Мәдениет саласының үздігі» марапаты мені тіпті шабыттандырып жіберді. Қуанып тұрмын. Бұл менің ғана емес, бүкіл ұжымның еңбегіне берілген баға. Мені осындай құрметке лайық деп ұсынған ұжымға рахмет!

Бейбіткүл НҰРЫМХОЖИНА,
«Алматы әуендерінің» жеке орындаушысы:

– Жалпы, қошемет, марапат дегеніңіз өнер адамдарына шабыт береді ғой. Бұл атақ біздің еңбек етуімізге, жеке концерттер өткізуімізге ықпал етеді. Әсіресе, жастарға зор қолдау дер едім. Мен де қазір қуанып тұрмын. Өйткені, «Алматы әуендерінде» еңбек еткеніме 20 жылдан асыпты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА

Jibek Joly.
Limitless Sound фестивалі өтеді

Қазақстан мен Орталық Азия
әртістері әлемдік музыка
нарығына шығып жатыр. 22–25
мамыр аралығында Алматыда
Үн Music Week мәдени-
танымдық апталығы аясында
ашық аспан астында Jibek Joly.
Limitless Sound фестивалі өтеді.

Ернұр
РЫСБАЙ



төрағалығы аясында ұйымдастырылған мәдениет алмасу мен халықтар арасындағы алмасу мақсатымен ұйымдастырылып жатқан шаралардың бірі. Осындай мәдениет саласындағы маңызды іс-шаралардың сәтті өтуі ШЫҰ елдерінің салт-дәстүрінің одан әрі дамуына, ШЫҰ елдері арасындағы алуан мәдениеттің алмасуы мен гармониясына жетелеп, қоғамды «ШЫҰ отбасының» ішіндегі достығы жарасып, бірлесетініне сенімдімін», – ШЫҰ төрағасы Жанг Минг.

Бұған дейін компанияның қатысуымен 2023 жылдың қыркүйек және қараша айларында Бейжіңде Қазақстанның Мәдениет күндері мен Қазақстан киносының апталығы өткен болатын. 22 мамырда бірінші шоукейс Үн Music Week халықаралық шоукейс-фестивалінің ашылу салты Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өтті. 2024 жылғы 23–24 мамырда Орталық Азия өңіріне ерекше назар аударатын, қазіргі әлемде музыка индустриясын дамытудың өзекті мәселелеріне арналған конференция өтеді. Соңғы аккорд гала-концерт «Jibek Joly. Limitless Sound» open air фестивалі болмақ, ол 2024 жылдың 25 мамырында Абай атындағы Опера және театры жанындағы саябақта өтеді. Бұл іс-шара Қазақстан мен Орталық Азияның халықаралық музыкалық сахнадағы өсіп келе жатқан ролін атап өтуге және мәдени байланыстар мен жаһандық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етуге арналған.

Week» фестиваліне қолдау көрсетіп, арнайы келіп қатысқаны үшін өз атынан алғыс айтқым келеді. Бұл біздің ҚР мен ШЫҰ арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа дайын екенімізді көрсетеді. Сонымен қатар, мен осы фестивалді ұйымдастыруға қатысқандардың барлығына ерекше алғыс айтқым келеді», – деді Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сеитова.

Жылдар бойы жүздеген мәдени алмасуларды ұйымдастыру тәжірибесінің арқасында команда 2023 жылдың сәуірінде Қытайда осы фестивалді насихаттауды жоспарлау жұмысын бастады. «ШЫҰ терезесі» – ШЫҰ елдерінің мәдениетін, спортын, туризмін, саудасын, өндірісін, білімін және мәдениетін зерттеуді біріктіретін жан-жақты алмасу және қызмет көрсету платформасы, сондай-

ақ ШЫҰ елдерінің тарихи, гуманитарлық және әлеуметтік келбетін көрсететін «Біз – Медиамыз» платформасы өкілдері 2023 жылдың сәуір айының соңында «ШЫҰ терезесі» промоутерлік тобы Алматы қаласына барып үлгерді, Алматы қаласы әкімдігі және тиісті ведомстволардың басшыларымен гуманитарлық алмасу бойынша бірқатар іс-шараларды өткізуді талқылады және биылғы жылы Қытайда және ШЫҰ елдерінде бірінші «Jibek Joly. Limitless Sound» музыкалық фестивалінің промоушеніне жәрдемдесуді ұйғарды.

«ШЫҰ елдерінің ең әдемі қалаларының бірі, туризм және мәдениет орталығы Алматы қаласына, осы музыкалық фестивалге келгеніме қуаныштымын. Баршамызға белгілі болғандай, Ұлы Жібек жолы шығыс пен батыстың мәдениеті мен өнерін тоғыстырушы көпір іспеттес. Аймақтағы, соның ішіндегі ШЫҰ елдері, халықтарының достығын жалғаушы түйін. Бүгін және алдағы үш күнде әртістеріміз өз өнерлерімен жібек жолының сонау ежелгі тарихынан бастау алған достық дәстүрін қайта қалайды деп сенеміз. Аталмыш іс-шара Қазақстанның ШЫҰ-да





ӨМІР-ӨНЕГЕ

Ол өмір бойына қызметтен қашып жүрді. Қызмет болғанда, лауазымды қызметтен эрине. Талай мәрте мәртебелі басылымдарда басшылықта болды, бірақ өзін байлаулы баспақтай сезініп, жан қалауы журналистикасынан, жазуынан ажырап қалмау қаупін көбірек ойлап, уайым жейтін. Бұл ойымызға көп дәлелдің бірі – Алматы облыстық «Жетісу» газеті редакторының орынбасары қызметінде бір-ақ күн аялдағанын айтсақ та жеткілікті. Оның маңдайына жұрт жұмысына жегілу, жұмылу, ұлтқа қызмет ету жазылып тұр екен.



Сурет: Ертен Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Желтоқсанның жоқшысы

Жанкешті. Қара басының қамы үшін жасалатын жанкештілік емес, елге қызмет ету жолындағы жанкештілік. Бұл жолға ол өзін сонау студент кезден дайындады. Өз ісіне мәт-тақам, ұқыпты, зейінді, темірдей тәртіпті, кісіге жаны ашып тұру, қолғабыс ету, елге болсын деу. Оның бар болмысы осы. Журналистикаға да осы мінез, қасиетпен келіп кірді. Ешқандай университет бере алмайтын отбасынан алған тәрбие өз алдына, мектепте бірнеше жыл мұғалім болғанының өзі де аз олжа емес еді. Қысқасы, осы жолды ол енді журналистикаға жалғады. Бала күнінен қалыптасқан табандылығы, намысқойлығы оны үлкен максаттарға ұмтылдырып отырды. Өміріндегі кездейсоқ шешімдер мен оқыс қадамдардың ұлт басы-сөзіне де пайдасы болмай қалған жоқ. Ол әскерден келген соң КазГУ-дің Журналистика факультетінің сырттай бөліміне оқуға түседі.

Алайда, жылына екі-ақ рет барып бір курсты тәмамдап кетудің не оқу екені Тәкеннің миына қонбай қойды. Содан ол күндізгі бөлімде оқудың қажеттігін қатты сезінеді. Сырттай бөлімнің деканы Марат Барманқұловтың атына бірнеше мәрте арызданады. Марат Кәрібайұлын біз де көрдік. Тілі орысша демесен, кісіге жаны ашып тұратын жан-дүниесі қазақ азамат еді. Талғаттың арызын талай мәрте қайтарды. Ақыр соңында табанды Тәкен мақсатына жетті. Айналып келгенде, маңдайына бізбен курстас қана емес, староста болу да жазылып тұр екен ғой. Әдетте, қоғамда Журналистика факультеті (ол кезде журналист мамандығын Қазақстанда екі жерде ғана дайындайтын) қайраткерлер дайындайды деген пікір қалыптасқан. Осы пікірге иек артсақ, қайраткер болу о баста оның қаперіне кіре де қоймаған болар, әйтсе де уақыттың өз диктовкасы, көрер көзге жасалып жатқан қиянат, ұлттық, елдік мәселелердің шешілуін қолдан қиындату, адамдардың алақұйын тағдыры оны сұрапыл соқпаққа түсірді.

Елімізге ғана емес, бүткіл ТМД-ға демократиялық жаңғыру лебін алып келіп, азаттықтың ақ таңының бастаушысы болған Желтоқсан көтерілісі біздің Талғаттың жаймашуақ, мұғалімдік мінезін күрт өзгертті. Бәлкім, бұған дейін өзін іштей ширықтырып, дайындады ма кім білсін, Талғат Айтбайұлы бұл іске нартәуекел етті де жан-тәнімен кірісті. Оның бейбіт журналистикасы күтпеген жерден бұрқасынға айналып кетті. Бүгінде осы бір «жанынан безгендер» ғана тәуекел ететін тақырыпқа біздің курстың елге танымал қаламгерлері Талғат Айтбайұлы мен Қайыммұнар Табей түрлен салғанын қай кезде де, қай ортада ла кеудеміз мақтанышқа толып айтып жүреміз.

Осыдан ширек ғасыр шамасы Жапонияға жол түсті. Американдықтар жермен-жексен еткен екі қаланың бірі Хиросимада болдым. Жапондар сонша қасірет шексе де тез ес жиып алған. Алапатқа ақылмен жауап берген. Екі қаласын адам танымастай етіп қайта салды. Бір жылдың ішінде ағаш көктетті. Қасіретке қасіретпен емес, биік рухпен, намыспен жауап берді. Хиросима қасіретнамасы әлі де жазылып жатыр. Осындағы мемориалды Бейбітшілік мұражайы мәңгілік өмірдің шырағын жағып отырған алып отаудай көрінді. Мұражай қабырғасына Хиросима құрбандарының тізімі әлі күнге дейін жазылып жатыр. Сол кезде оның саны екі мыңнан асқан еді. Ендігі екі-үш еселенген болар.

Айтпағым, Желтоқсан көтерілісінде де аяусыз азап көріп ортамызда жүргендер мен шахит кеткендер де аз емес еді. Кезінде оның санын айтуға да тыйым салынғаны жасырын емес. Талғат Айтбайұлы осы іске бел шешіп кірісті, ғазиз

басын бәйгеге тікті. Архивтердің шаңын қақты, емен есігі бар құзырлы мекемелердің есігін қақты, басылымдарға хабарландырулар берді, қаламы тынбай жорғалап жоқ іздеп жатты. Желтоқсаншыларды жоқтағандар да қоса қуғынға түсіп, қызметімен қоштасқандар да болмай қалған жоқ. Тәкен де ондай сұмдықтың неше атасын көрді. Сұмдық қой, қайта саған сүйеу болып, бір кәдеңе жарасам деудің орнына күні кеше өткен тарихыңды да түгендетпей, тұртпекке салады. Сол күндерде қуғын көріп, күн-түн үш әріптің назарында жүрген көршісі, қайран Ақан, Акселеу Сейдімбек Тәкеннің бұл тірлігіне риза кейіп білдіріп, былай дегені бар еді.

– Талғат, Желтоқсан қазағымыздың 1916 жылғы ақ патшаға қарсылық жасаған көтерілісі емес, күні кеше ғана өткен қанды қасірет. Оның қалай тұтанып, кімдердің қандай рөл ойнағанын айтып та, жазып та беретіндер арамызда көп. Бұл тақырыпты ақыры құлшынып қолға алған екенсің, жүз том болса да тоқтатпай шығара бер.

Алаштың Акселеуінің осы бір көңіл сөзі Тәкенге берілген батадай болып, оның алдағы ісіне соны серпін берді. Міне, алғашында «Алматы. 1986 жыл. Желтоқсан» болып 30 мың данамен тараған шағын кітап бүгінде 16 томға жетіп, 17-томы әзірленіп жатыр. Шіркін, көретін көз болса, режиссері қабилыс 16-серияның дайын сценарийі ғой. Даладан іздеп жүрген тақырыбымыз өзіміздің төрімізде тұр ғой. Сөйтіп, біздің ер Тәкен Ақанның аманатын асыра орындады.

«Ескірмейтін есті кітап»

Біз күні бүгінге дейін Алматыда 28 өзен барын, соның бірі Есентай екенін де біле бермеппіз. Тәкен Жуалыны жарып ағатын Терістей мұнда да күн-түн күркіреп жататын Есентайдың жағасында тұрады. Осы пейзажды жерге тақау суретшілер де қоныстанған. Ертеректе осы Есентайдың жағасында Әубәкір аға Ысмайыловпен, Сахи аға Романовпен, Тоқболат Тоғысбаевпен, Ерболат Төлепбаймен ұзақты күнге сұхбат құратын едік. Сонда жарықтық Әукең Кенесарының портретін қандай азаппен салғанын айтқаны есіме түсіп отыр. Оның сыртында жұмбақ жағдайда өмірден өткен аға дос, сұрапыл суретші Мағауия Аманжоловтың да осы тұста табанының ізі қалды. Тәкен кейінгі жылдары оның да тағдырына араласып, кітабының шығуына да зор септігі тиді.

Айтпағым, осындағы Қожамқұлов көшесіндегі 128-ші үйде белгілі қаламгерлер де тұрды. Атап айтқанда, Жарылқап Бейсенбай, Ергали Сағат, Басқар Битановтар. Екінші қабатта Ақан, Акселеу Сейдімбек тұрды. Ақаңа айрықша тоқталып отырғаным, бұл кісінің мұнда өміріндегі бір елеулі сәттері, 12 жылы (1987–1999) өтті. Осы бір күндері екеуі ағалы-інідей болып етене араласты. Өзім де осы күнге дейін ұстаз туралы аз қалам тербеген жоқпын. Алайда, Астанаға кеткенге дейін қасында болған Тәкен «Ана тілінде» жүргенімде Ақан туралы жазып беруін өтіндім. Ол Алматы қаласы әкімдігінің назарын аударатын «Ақанның алақаны» атты мөлдіреген эссе жазды. Көп ұзамай сол үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта қойылды.

Психологтардың бағамдауынша, бала күнінде ойланбай балалықпен жасалған қадам өсе келе даналыққа бастауы әбден мүмкін екен. Сондай бір қызық жағдай біздің кейіпкеріміздің басынан да өткен. Оқушы кезінде, сірә, бастауыш сыныпта болуы керек «Балдырған» журналында жарияланған жаңылтпашты өз атынан аудандық газетке жолдап жібереді. Сөйтіп, әп-сәтте акын болып шыға келеді. Оған ұстазы Әбдімәжит мұның ұрлық екенін, ғылымда плагиатство деп аталатынын тәптіштеп түсіндіреді. Дейтұрғанмен де, осы

ұрлық оның бұлақ көзін ашып жіберген тәрізді. Содан аудандық, облыстық басылымдарға бұрқыратып «бомба» түсіре бастайды. Қалай болғанда да осы бір «кәсіби қадам» оның келешегін айқындап берген тәрізді. Бәрібір бала жанынан жырақтамады. Студент кезінде-ақ Қазақ радиосындағы жасөспірімдерге арналған «Пионер серігі» радио газетіне жетекшілік етті. Одан соң «Қазақстан пионерінде» бөлім меңгерушісі болды. Қысқасы, оның тағдыры бәрібір балалармен байланыста дамыды.

Алпысыншы жылдары «Жазушы» баспасының жанынан «Жыл – он екі ай» атты әдеби-танымдық күнпарақ кітабы шығып тұратын. Тәуелсіздіктен бермен қарай ол да шығуын тоқтатады. Бір күні балалар әдебиетінің атасы Мұзафар Әлімбаев бастап, Құрманбай Толыбаев қоштап, оған бір ұсыныс айтады. Тәкеннің баспа ісімен де айналыса бастаған кезі.

– Талғат-ау, ақыры кітап шығарып жүрсің. Сенің оңтайыңа әбден келіп тұр. Бұл өте керек, танымдық, шағын энциклопедияның жүгін арқалап тұрған дүние еді. Балалар содан қол үзіп қалды, – деген Мұзағанның өтінішін жерге тастай алмай, алғашында жұқа мұқабамен 7 мың дана басты. Содан оны журнал ретінде қайта тіркетті. Әуелде Алматыға ғана таралған басылымға республикадан сұраныс түсе бастады. Жылына алты саны шықты. Сонымен, оның 100-ші саны оқырман қолына тиді. Қысқасы, басылым өзін ақтады, баяғы даңқына орала бастады. Мұзағанның беташар мақаласында жазғанындай, бұл шын мәнінде «ескірмейтін есті кітапқа, қыздың жасауына қосатын кітапқа» айналды.

Балаға қызмет ету – болашаққа қызмет ету. Талғат Айтбайұлы осы ұстанымда тұрып, оның жұмысына балашағасын да жұмылдырды. Жарияланымдарды теріп, сканерден өткізіп, оқитын немересі Мұса. Дизайнері, беттейтін, мұқабасын жасаушы қызы Жанар. Материалдарды өзі іздеп, іріктейді. Алдағы уақытта басылымның өрісін кеңейтіп, «Жыл – он екі айдың кітапханасы» деген сериямен санамалар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер, шағын әңгімелер шығару да ойда бар. Сонымен қатар, «Жыл – он екі айды» Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясының ғылыми кеңесінің мақұлдауымен орта мектептерде «Ана тілі», «Әліппемен» қатар оқулық ретінде пайдалануға мүмкіндік берілген. Мектеп мұғалімдері одан құнды деректер мен дәйектер алып, қосымша оқу құралы ретінде көп пайдаланады. Осы іргелі ізденістердің арқасында басылым 2007 жылы Қазақстан Журналистер одағының Алтын жұлдызын жеңіп алды.

Ел десе еміреніп тұрады. Оның қайраткерлігінің бір қыры да елжандылығында. Аядай ғана Қошқарата ауылынан 20 жасында «Ақ бидай» романын жазған Әміртай Бөриев, белгілі қаламгерлер А.Шымырбайұлы (кластасы), Қ.Әзімхан, ақындығы енді арындап келе жатқанда өмірден озған дара талант Б.Үсенов шықты. Сол сойлардың бірі Талғат Айтбайұлы да туған топырақтан тамыр үзген емес. Қашанда елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтап, Алматыдан гөрі ауылда жүргені көп. Бүгінде оның араласуымен, тынымсыз ізденісінің арқасында өздері оқыған Абай мектебінде осы өңірдің тарихын түгендеп, хаттаған мұражай ашылып, жұмыс істеп тұр.

Деректі прозаның дарабозы

«Мың бір күн, мың бір түн» романы, «Нан мен тер», «Ән әлемінің Әббірбегі» сыр-сұхбат, т.б. кітаптарының авторы Талғат Айтбайұлы деректі прозаның дарабозы. Оның «Тоғанай-Т» баспасы оқырмандарын жылына екі жүздің үстіндегі кітаппен қауыштырып келеді. Танымал тұлғалар өмірінен жазылған танымдық, ғұмырбаяндық эсселер, мемуарлық туындыларды тандап, талғап шығаруды дәстүрге айналдырған. Оның осы саладағы бір айрықша атап айтар еңбегі халқымыздың тарихындағы ең бір қаралы кезең ашаршылық ақиқатын арқау еткен В.Михайловтың «Хроника великого джута» кітабын аударуы. 1992 жылы қызыл қырғанның 60 жылдығына орай «Ұлы жұттың жазбалары» деген атпен 30 мың данамен жарық көрді. 2017 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен аштықтың 85 жылдығына орай қайта басылды.

Желтоқсан көтерілісі. «Жыл – он екі ай». «Ұлы жұттың жазбалары». Осы үш бағыт, үш өріс Талғат Айтбайұлының қаламгерлік, қайраткерлік болмысын бедерлейтін барақатты кезең. Ол өмірінің бар мазмұны мен мағынасын осы кезеңге сыйдырғандай.

Биылғы жыл біздің курс үшін де жетпіс жастың желкенін керетін кезі. Дүние шіркін де! Егер тірі болғанда жақсыларымыз – Жұмабек, Болатбек, Дүрәлілер де жетпістің қыр желкесіне шығып, ортамызды толтырып отыар еді. Құдайға шүкір, сол жақсылардың жалғасы Тәкендер толтырып жатыр жетпісті. Байқаған болсаңыз, жазба үстінде жақсы жандар, жақсылық жайындағы бір жылы ағыстар қаламға жел бітіріп отырды. Жасының жақсыға жарығы түспей тұра ма! Бұл өмірде өзгеге емес, өзіне ғана сенген Тәкеннің қол жеткізген жетістіктерін де жақсы адамдарсыз көзге елестете алмайсыз. Ол жөнінде өзі де талай мәрте қалам тербеп келеді. Ол кейде маған журналистиканы жақсы адамдарды жазып қалдыру үшін тандағандай көрінеді.

Ал енді жақсыға жары да жақсы болып қосылса, бұл әлгі біз тілек қоссақ қоспай кетпейтін бақыттың еселеніп барақат, береке тапқаны емес пе!? Біздің Тәкен бойдақ өмірдің қызығын да бір кісідей көрді. «Жүре алмайтын жан едің тыныш тауып, үлгердің үйді де алып, жұмыс тауып. Енді саған қалғаны бір-ақ нәрсе – Қыздың да таңда Талғат дұрыстауын» деп Қайнар Олжайдың «Құрстастарға хат» арнауында айтылғанындай, ол жар тандауда да қателескен жоқ. Бүгінде ағамыздың «бақсы» боп кетпей, «жақсы» боп кетуінде курсымыздың «бәйбішесі» деген аса ардақты аты бар Нұрбақыт жеңгеміздің еңбегі өлшеусіз екенін атап өтуіміз керек.

Біз білгенде ол адамға бір-ақ нәрседен – жақсылық жасаудан жалықпаған жан. Тәкен туралы толғану – жақсылық, жақсы адам туралы толғану. Осы тұжырымға оның бар болмысы, кісілік келбеті сыйып тұр. Жақсылардың көзі мен сөзіндей, жалғасы болып аман жүріңіз, жақсы адам!

Қали СӨРСЕНБАЙ.



С.НҰРМАҒАМБЕТОВ – 100

Жуырда ҚР Президентінің Архивінде ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі академиясының курсанттары Халық қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі, алғашқы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың өмірі мен қызметтік жолына арналған көрмемен танысты.



ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ

жүріп өткен жол жастарға үлгі

Архивтің Құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру қызметі бөлімінің басшысы Б.Қасенов болашақ Отан қорғаушыларға генералдың өмір жолын баяндап берді. С.Нұрмағамбетов – Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен қазақ халқының ержүрек батыры. Оның басқаруындағы батальон Гитлердің Рейх канцеляриясының ғимаратына жасалған шабуылда әскери ерлік көрсеткен. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Беларусь пен Польшаны азат етуге қатысқан. 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі, ал сәуір айында Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Сағадат Нұрмағамбетовтың жауынгерлік білімі мен тәжірибесі Тәуелсіз Қазақстанның тарихында да елдің қорғанысына өз үлесін қосты. 1991 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сағадат

Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1992 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болды. Курсанттар аталған тарихи құжаттармен және жолдастарының жазған хаттарымен, басылымдарда жарияланған баяндамалармен, естеліктермен, ерекше фотосуреттерімен, ол жайлы жазылған мақалалармен танысты.

Сонымен қатар, курсанттар С.Нұрмағамбетовтың республикадағы қорғаныс және әскери-саяси мәселелер бойынша Қазақстан Президентіне жолдаған ұсыныс хаты, Қазақстанның әскери құрылысының негізгі бағыттары бойынша анықтама-баяндамасы және оған Армия генералы әскери атағын беру туралы жарлықпен танысты. Көрмедегі негізгі құжаттар Президент Архивіндегі С.Нұрмағамбетовтың жеке тектік қорынан алынды.

Нұр ЖАМАЛ.

ӨНЕГЕ

«ХАЛҚЫҢ СЕНІ ҰМЫТА ҚОЙМАС...»

Бостандық ауданындағы №138 гимназия ұлтымыздың ұлы қайраткері Мүсілім Базарбаев атын иемденген. Атақты ғалым, мемлекет қайраткерінің атындағы білім шаңырағы жыл сайын өрелі тұлғаның туған күнін атап өтеді.



Рая
ЕСКЕНДІР



Кездесуге «Қазақстан ғылымының тарихы» мұражайы қызметкерлері қатысып, бірнеше буынның өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелеп берді. Олар өз ұлтын жанындай жақсы көрген ұлтжанды азаматтың есімі «тар жол, тайғақ кешуден» өткен қайраткер ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ерекше құрметпен аталғаны жөнінде айтып, оның зерттеулері өзінің өзектілігін әлі де жойған жоқ деп баға берді. Кездесуде әдебиет әлемінде Мүсілім Базарбаев білімділік пен біліктіліктің, парасаттылық пен пайымдылықтан көргені көп, қос тілде бірдей сөйлеп, бірдей жазатын қазақтың маңдайалды ғалымына айналғаны әңгімеге арқау болды.

Кезінде академик Әбдуәлі Хайдаров ғалым Мүсілім Базарбаевтың сан қырлы екенін тілге тиек етіп, тән сұлулығы, жан сұлулығы, ақыл-парасаты, мінез байлығы, ғұлама ғалымдығы, ұлағатты ұстаздығы, ел басқару қабілеті, мемлекет қайраткерлігі деп сомдап берген еді. Ұлтымыздың қайраткер ұлы Мүсілім Базарбаевты кезінде ұлы Әуезовтің өзі ерекше құрмет тұтқан. Сөз зергерінің сүйіспеншілігіне бөленген ерекше шәкіртінің бірі болды. Соған қарамастан Мұхтар Әуезов Мүсілімді досым деп ерекше құрметтеп, оның адами қасиеттерінің жоғары екендігін бағалаған. «...Өмірдегі өзінді емес, өзіндегі өнерді сүйдің. Халқыңа, халқыңның ғылымына, әдебиетіне, мәдениетіне қызмет еттің. Халқың сені ұмыта қоймас», – деп ішкі жан сырын білдірген Мүсілімнің жан досы, академик Зейнолла Қабдоловтың сөздері де өрелі тұлғаға берілген баға іспетті.

Бүгінде әке ілімін жалғастырған белгілі ғалымдар Зейнеп Мүсілімқызы мен Жаннат Мүсілімқызы гимназиямен тығыз байланысып, отбасы атынан озат оқушыларға М.Базарбаев атындағы стипендия тағайындап отыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЛОНДОННАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ!

Ана тіліміздің абыройы артып, мәртебесі биіктей бастады. Міне, енді сонау алыстағы Лондоннан қазақ тілін еститін боламыз. Жақында Лондонда қазақша сөйлеу клубы ашылды. Бұл клубты «Қазақ орталығы» мен еріктілер тобы құрды.

Қазақ тіліне құрметпен қараушылардың айтуынша, клубтың басты мақсаты – ұлы Абай тілін меңгергісі келетін шетелдіктер мен қандастарымыздың басын біріктіріп, тілдік орта қалыптастыру екен. Клуб мүшелерінің дені ағылшын, орыс тілдерінде еркін сөйлейтіндер. Сондай-ақ, басқа мемлекетте туылған қандастарымыз да тіл білімдерін жетілдіріп жатыр. Енді олардың тілдік қоры қазақ тілімен толықпақшы. Тіл үйренушілердің қабылдауы көңіл қуантады. Ең бастысы – алдына нақты мақсат қою.

Шетелдіктер қазақ тілін үйренуде алдына әртүрлі мақсат қойып отыр. Әсіресе, Абай шығармаларын түпнұсқада оқығысы келетіндердің бар екені көңіл қуантады. Енді бірі – Қазақстанға саяхаттауды армандаса, тағы бірі тілді меңгеріп, түсініскісі келеді. Араларында қазақ ұлтынан жар тапқандары да бар екен.

– Алыста жүрген соң мәдениетімізді жоғалтқымыз келмейді. Қазақстанмен тығыз байланыста болу үшін осындай қадамға барып отырмыз. Клубқа келіп, қазақ тілін үйренгісі келетіндерге қатысу тегін. Бастапқыда айына бір рет басқосуды жоспарлаған едік. Сұранысқа қарай, енді жүйе бас қосатын болдық, – дейді белсенді ұйымдастырушы Әлия Қанатбекқызы.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ӨНЕР

ОЮ-ӨРНЕК КЕСТЕЛЕГЕН ӨРЕНДЕР

Алматыда орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде жеткіншектердің игілігі үшін бірнеше үйірме жұмыс істейді. Шығармашылыққа жақын балалар үйірмелерге әрқашан қуана да асыға келеді дейді музей мамандары.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Аталмыш музейдің педагогтары жуырда «ШеберKIDS» қолөнер үйірмесі (жетекшісі Айжан Құрбанова) шеңберінде кіші және үлкен топтарға арналған шеберлік сабақтарын өткізді. «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» тақырыбында балалар киізден ою-өрнек («қошқар мүйіз», «түйе ізі», «құс қанаты») кестеленген сәндік төсеніштер жасады.

Ал «Алматы – ортақ үйіміз» акциясы аясында «Шығармашылықтың баспалдақтары» инклюзивті үйірмесінде (жетекшісі Зухра Баянова) өрендерге арналған «Қызғалдақтар қуаныш сыйлайды» тақырыбында инклюзивті сабақ өткізілді. Сабаққа «Биік белеске бағыт» қоғамдық қоры және «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының балалары шақырылды. Үйірменің ұйытқысы болған үлкендер кішкентай достарға Алматының көрікті жерлері туралы ақпарат берді және табиғатты сүю, оны аялай білу керектігін түсіндірді. Алматыда өсетін қызғалдақтар туралы мәліметтер айтылып, балалар түрлі-түсті қағаздан «Қызғалдақ» аппликациясын жасады.

ТАБИҒАТҚА ТІЛ БІТІРГЕН КӨРМЕ

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде қазақстандық ұйғыр суретшісі Руслан Юсуповтың (1950–2021) «Шарын аңыздары» атты жеке көрмесі ашылды. Көрмеге 30-дан астам кескіндеме туындылары ұсынылды.



Руслан Юсуповтың шығармалары өмір құбылыстарын поэтикалық және философиялық тұрғыда бейнелеумен ерекшеленеді. Өнертанушы Р.Ерғалиеваның айтуынша, оның барлық картинасында «мистицизм рухы, болмыстың құпияларын ашуға деген ұмтылыс бар».

«Көрерменге ұсынылған пейзаждық картиналар топтамасы 2005–2013 жылдар аралығында жазылған және елімізде орналасқан Шарын шатқалының бірегей табиғи ландшафтына арналған. Табиғаттың таңғажайып пішіні мен тас рельефтерінде суретші біздің жеріміздің өткенінің керемет жаңғырықтарын ажыратады, шатқалдың үстінде мәңгіліктің рухын жеткізуге тырысады. Картиналардың әрқайсысы кең ассоциативті және метафоралық мағынаға ие», – дейді көрменің кураторы, аталмыш музейдің жетекші ғылыми қызметкері, өнертану кандидаты Амир Жадайбаев.

ЖАТАҚХАНА

Мәселе
шешілетін
болды

Соңғы жылдары студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы төңірегінде мәселе көбейгені белгілі. Дегенмен, өзекті мәселенің шешімін табудың жолдары қарастырылып жатыр. Мәселен, Алматы қаласының құрылыс компанияларына студенттік жатақханалар құрылысына инвестиция салу ұсынылып, ол өз нәтижесін берді.

Сондай-ақ, биыл еліміз бойынша 11 057 орынды 32 жатақхана пайдаланылуға берілмекші. Тағы бір айтар мәселе ендігі жерде студенттік жатақханадағы орындар проактивті форматта бөлінетін болады.

Бұл ретте студентке өтініш жазу қажет емес. Алдымен олар электронды үкімет сайтына телефон нөмірін тіркеп, сосын SMS ала алады. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа осындай түзетулер жобасы енгізілген еді.

Телефон нөмірін тіркегеннен кейін студент автоматты түрде мемлекеттік қызметті көрсету туралы хабарлама алады. Ол тек келіскенін немесе қызмет көрсетуден бас тартқаны жөнінде білдіріп, содан соң қажетті құжаттарын ұсынады. Осыдан соң жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының ақпараттық жүйелері және электрондық үкімет порталы арқылы өтініш қабылданып, мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Білім саласы зардап шекпеуге тиіс

Елімізде орын алған су тасқынынан білім саласы да зардап шегіп отыр. Енді сол зардаптардың орнын толтыру мәселесі тұр.

Сондықтан енді бұл аймақтарда жазғы мектеп ашылатын болды. Төтенше жағдай кезінде қашықтан оқуға көшкен 2,5 мыңнан астам білім мекемелерінде жазғы мектеп ашылып, сабақ

ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫ

КІСІНІҢ АҚЫСЫН ЖЕМЕГЕН ЖӨН

Енді аз күнде оқу жылы аяқталып, жазғы демалыс маусымы басталады. Бұл уақытты жастар жағы бос өткізбей, еңбек еткісі келеді. Бір есептен бұл да дұрыс. Өйткені, қазіргі кезде жастардың дені ақылы бөлімде оқиды. Сосын оқу ақысын өзі төлеп, ата-анасына көмектескісі келеді. Мектеп оқушылары да жазғы демалысты текке өткізбей, тиын-тебен тапқысы келеді. Баласының мұндай қадамына ата-аналардың қуанбаса, қарсы болмасы анық.

Иә, оның үстіне Алматыдай үлкен қалада не көп, жұмыс көп. Жастар көлік жуып, мейрамханаларда даяшы болады. Тіпті, базарларда жүк тасып, ауыр жұмысқа жалданып, бар. Байқасаңыз, жаз шықса жасөспірімдердің жұмыс күшін пайдаланғысы келетіндердің де қарасы көбейіп кетеді.

Нақты мәліметке сүйенсек, дәл қазіргі кезде әлемде 160 млн жасөспірім еңбек етеді екен. Яғни бұл әрбір оныншы бала еңбекке ерте араласып, қажетті қаржы-қаражатын маңдай терімен өзі табады деген сөз.

Сондықтан жаз басталысымен, бала еңбегін қанауға қарсы арнайы күн белгіленіп, тиісті сала басшылығы тұрақты түрде рейд жүргізіп отырады. Қазірдің өзінде электронды еңбек биржасында 360 хабарлама жарияланып, мыңнан аса жұмыс орны ұсынылып отыр.

ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сай 14 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін жұмыс уақыты аптасына 24 сағаттан, ал 16–18 жас аралығындағы азаматтар үшін 36 сағаттан аспауы керек.



МЕТРОЛОГИЯ

Қазақстанның бастамасы қолдау тапты

Дәл қазір еліміз метрология саласына баса ден қойып, арнайы мамандар даярлау ісіне көңіл бөліп отыр. Мәселен, былтыр еліміз осы саланы дамыту қажеттілігін айтып, бастама көтерген еді. Биыл сол бастама қолдау тауып, ЮНЕСКО аясында алғаш рет Дүниежүзілік метрология күні аталып өтті.

Аталмыш іс-шараға әлемнің жетекші са-
рапшылары қатысып, метрология ғылымының болашағы жан-жақты талқыланды. Жалпы, мамандардың айтуынша, бұл сала өнеркәсіптен бөлек, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, климаттың өзгерісімен күресте де септігін тигізетін көрінеді. Сон-



дықтан БҰҰ деңгейінде ресми түрде атап өтіп отыр.

Метрология ғылымы технологиялық даму мен инновацияның негізі. Еліміз тұрақ-

ты дамудың онжылдығына кіргендіктен, метрологияны ілгерілету үшін барлық елдермен жұмыс істеуі керек. Сонда ғана технологиялық инновациялар дамитын болады.

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ



Дереккөз eljastary.kz

Жазғы демалыс маусымын әркім-ақ тиімді өткізгісі келеді. Ертеден қалыптасқан еңбек жасағы, жастарға кеңінен танымал – «Жасыл елдің» қатары жыл сайын артпаса, бір сәтке кеміген емес. Өйткені, жастар жағы еңбек етіп қана қоймай, қаржылық мәселесін де шешеді.

Жалпы, бұл жасақтың негізгі мақсаты – жастарды жұмыспен қамтамасыз ету емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қаланы, студенттер қалашығын абаттандыру. Биыл аталмыш жасақ 33 мыңнан астам жасты жұмыспен қамтуды көздеп отыр.

Сондай-ақ, жобаны үйлестірушілер маусым–тамыз айларында жастарға 85 мыңнан еңбекақы төлеуге дайын отыр. Бұл ретте түрлі мекемелерде қоғамдық жұмыс істейтіндерге де төлем төленетінін айтады. Осы жылғы жалақы мөлшері 40 АЕК, яғни 150 мың теңге.

ҚАРАТАЙ ТҰРЫСОВ – 90

Кен орындары
әлі де
жеткілікті

Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаратай Тұрысовтың туғанына 90 жыл толып отыр. Еңбек жолын қатардағы геолог болып бастаған Қаратай Тұрысов кезінде Павлодар және Қарағанды облыстарында ірі кен орындарының ашылуына зор үлесін қосты.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдарда да барлық білімі мен мол тәжірибесін осы жолға жұмсады. Қайраткердің көзі кеткенімен, соңында оның атқарған қыруар жұмысы қалды.

Сондықтан есімін мәңгіге қалдыру үшін Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде ғалым-экономистің құрметіне «Қаратай Тұрысов атындағы ғылыми орталық» ашылды. Кезінде ол партиялық, қоғамдық қызметте белсенді болып, ел экономикасының өркендеуі жолында тер төкті. Сонымен қатар, Мәжілістің экономика және бюджет комитетін басқарған 9 жыл ішінде Парламентте мыңнан артық заң қабылданды. Сол заңның 60 пайыздан астамы экономикаға қатысты болды.

Аталмыш университет қазір қайраткер Қаратай Тұрысовтың ісін жалғастырып, геологтар даярлау үстінде. Өйткені, біздің елімізде әлі де іздейтін, табатын кен орындары жеткілікті.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ОЙЫНШЫҚ САПАСЫ – ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Қарапайым ағашты пайдалану бала ағзасына пайдалы

Соңғы кездері Қоғамдық денсаулық сақтау саласының өкілдері ойыншықтардың біразынан адам ағзасына қауіпті заттар тапқанын айтып, сақтандырып отыр. Әсіресе, Қытайдан келетін ойыншық түрі көп әрі олардың сапасыз екені жаңалық емес. Дегенмен, ата-аналар балаларына ойыншық әпермей тұра алмайтыны белгілі.

Қаламыздағы Бостандық ауданына қарасты №69 бөбекжай-балабақша ұжымы кәдімгі ағаштан ойыншық жасауды қолға алыпты. Ағаштан ойып жасалған дүниелердің арасында не жоқ дейсіз. Мұнда ағаштан жасалған дөңгелектер, есепке арналған санамақтар, тіпті ертегі кейіпкерлері, жан-жануарлар бейнесі мен техника орнына қолданылатын да заттар бар. Қазір балабақша бүлдіршіндері пластмассадан әзірленген зиянды ойыншықтардан бас тартып, тек ағаш ойыншықтармен ойнайтын болған.

Иә, қазір аталмыш балабақшаның «Ағаш терапиясына» басқа өңірлер де қызығушылық танытып, тәжірибе алмасып жатыр. Өйткені, бала денсаулығының мықты болғаны баршамызға ортақ міндет. Соңғы кездері белгілі фотомаман Жеңіс Ысқабай ағаштан түйін түйіп, түрлі бұйымдар жасап жүр. Оның айтуынша, қолы қалт етсе шеберханасына барып, ағаш жонып, түрлі ойыншықтар жасайды екен. Біз білетін «Жорғатайынан» бөлек шебердің тағы 3 жобасы бар. Олар «Игг-гөк», «Qua-qua», «Дігідік-дігідік» деп аталады. Жеңіс белі енді қатайып келе жатқан 5-6 айлық сәбиге арналған «игг-гөк» жобасына сұраныс жоғары екенін айтады. Сонымен қатар, шебердің 4-5 жастан асқан балақайларға арналған «Жорғатай», «Qua-qua», «Дігідік-дігідік» атты ойыншықтарына да көпшіліктің ықыласы ауған.

Сапасына да мән берген жөн

Қазіргі кезде балалардың ойыншығы туралы сын көп айтылып жүр. Соған қарамастан, дүкен сөресі болсын, базар алаңы дейсіз бе, түрлі ойыншық тау болып үйіліп жатады. Нарықта табыс көзіне айналған ойыншық бизнесі керісінше дамып барады. Дегенмен,

осы ойыншықты тасымалдаушы фирмалар мен оны сатып пайда табушылар оның сапасына мән бермейді. Қазір техниканың дамыған заманы болғандықтан ойыншықтың да түрі көп. Олар заман талабы мен нарық сұранысына қарай, сапасы мен бет-бейнесін өзгертіп дамып келеді. Бұған қоса, психологтардың зерттеу нәтижелері де қазіргі ойыншықтардың бала денсаулығына зиян келтіретінін айтып, жүйкеге де кері әсер ететінін дәлелдеп отыр.

Елімізге шет елдерден келген 180 мың ойыншықтың гигиеналық талаптарға сай жасалмағаны анықталып, 93 мың тұратын 242 ойыншықтың түрі сауда айналымынан алынды.

Байқасаңыз, дүкен сөрелеріндегі толып тұрған ойыншықтардың әдемілігі өз алдына, біразынан бала түгіл, ересек адам шошиды. Мамандардың пайымдауынша, мұндай ойыншықтар баланың санасын улап, даму қабілетін тежейді екен. Тіпті, кей бала түсінде ойыншық көріп, сандырақтап оянатын көрінеді. Қысқасы, ойыншықтың сүйкімі кетіп, сүреңсіз кейіп қалған.

Соңғы кездері әдемі қуыршақтардың да бет-бейнесі тым өзгеріп кеткен. Оларды қазіргі замандағы мультфильм кейіпкерлері алмастырды. Бұрынғы Чебурашка, Буратина,

Карлсонның орнына Бетмон, Өрмекші адам, Шректер келді. Бұл ойыншықтар қазіргі балалардың сүйіп көретін мультсериалдардың кейіпкерлері. Балалар күні бойы көз алмай көретін қорқынышты гномдар, трольдар, мутанттар, пакемондар олардың жас ағзасын тежеп, санасын улап жатыр.

Жалпы, еліміздегі ойыншық нарығын Қытай елінің ойыншықтары жаулап алды деуге болады. Ең алдымен, олар арзан әрі бояуы қанық болғандықтан адамдар осындай ойыншықтарды алады.

Тағы бір айта кетерлігі, көп жағдайда ата-аналар балаларына алатын ойыншықтың сапасына көп көңіл аудармайды. Негізі, сапалы ойыншықтар қымбат тұрады. Нақты дерекке сүйенсек, бүгінде Қазақстанға ойыншықтар 30-ға жуық елден әкелінеді

екен. Соның ішіндегі бірінші орында Қытай ойыншықтары тұр. Мәселен, біздің елімізге шет елдерден келген 180 мың ойыншықтың гигиеналық талаптарға сай жасалмағаны анықталып, 93 мың тұратын 242 ойыншықтың түрі сауда айналымынан алынды. Дәрігерлер көзге алыстан түсетін, ашық бояулы ойыншықты байқап пайдаланған дұрыс екенін айтады. Өйткені, ондай ойыншықтардың құрамында фенол, формальдегид, корғасын элементтері бар. Мұндай қоспалар адамның жүйке жүйесіне, көз бен тыныс алу мүшелеріне кері әсерін тигізеді. Бұған қоса, кейде кішкентай балалардың осындай ойыншықтарды аузына салып отырғанын да көріп қаламыз. Сондықтан балаңызға арнайы тексерілген, сапалы ойыншық сатып алғаныңыз жөн.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айым НАУРЫЗБАЕВА,
Бостандық ауданындағы №69 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

«Ағаш терапиясын» қолға алдық

Қазір не көп, ойыншықтың түрі көп. Тіпті, балалар жалығып, ойнағысы да келмейді. Мен Сингапур еліне тағылымдамадан өтуге барғанда көп тәжірибе жинап қайттым. Өзге елдің озық дүниесін өзімізге пайдаланып жатсақ, несі айып? Оның үстіне біздің ата-бабаларымыз ықылым заманнан ағаштың пайдалы екенін білген. Кезінде пайдаланған ер-тоқым, қамшы, күбі, астау, ағаш қасық, бәрі де ағаштан жасалған дүниелер. Одан пайда болмаса, түк зиян болған жоқ. Қазіргі таңда балалардың күнделікті ойнап жүрген ойыншықтарынан қауіпті заттардың табылғаны жөнінде жиі айтылып жүр. Бала болған соң ойыншықпен ойнап өседі. Олар оның құрамында қандай қауіпті қоспа барын қайдан білсін? Сонымен балаларды қауіпті ойыншықтардан сақтандыру үшін, біздің бөбекжай-балабақша ұжымы «Ағаш терапиясын» қолға алған еді. Қазір балалардың өздері де ағаштан түрлі бейне жасап, қиялдарына қанат бітіріп жатыр. Қарапайым ағашты пайдалану бала ағзасына пайдалы. Оның құрамында зиянды зат жоққа тан. Бізге жеміс-жидек көбіне ағаш жәшікпен келеді. Мәселен, кәдімгі алма жәшіктерін отқа жағып жібергеннен гөрі оған жаңа өмір сыйлаған жөн емес пе? Осы ағаш жәшіктердің өзінен бірнеше дүние жасап шығардық.

Біздің пайдаланып жатқан бұйымдарымыздың барлығы экологиялық таза, арнайы қарағайдан жасалған. Бөбекжай-балабақша ауласында түрлі ағаштар өседі. Сынап, түскен ағаштарды осылай кәдеге асырып жатырмыз. Оған қоса, бізге жақын маңда Ботаникалық бақ бар. Сол жерге де жиі серуендеп, қайтар жолда ағаш қалдықтарын, жаңғақ қабықтарын жинап қайтамыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС

Су маманы тапшылығы жойылады

Табиғат апаты салдарынан орын алған су тасқыны елімізде су мамандарының қажет екенін тағы да бір дәлелдеп берді. «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген сөз бар. Сондықтан осы жолда суы таситын, су басатын аймақтар мен арналарды дөп басатын, апаттың алдын алатын мамандардың жоқ екені айқын сезілді.

Осы ретте елімізде су саласы мамандарын даярлау қолға алынып, жұмыстар басталып кетті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы су саласына қатысты мамандарды даярлайтын Тараздағы атақты «Гидро»-ны қайта қолға алуды тапсырды.

Қазіргі таңда бұл бағытта еліміздің төрт макроөңірі таңдалып отыр. Осы өңірлерде экономика салалары бойынша, оның ішінде су саласының болашақ мамандарын даярлайтын тірек колледждері құрылатын болды. Бұл, әсіресе, су басып қалу қаупі айқын аймақтарға қатысты жасалған қамдам. ҚР Оқу-ағарту министрлігі осы жылдан бастап «Сумен



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылыстарын пайдалану», «Гидротехникалық мелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беруде мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуды көздеп отыр. Мәселен, Оңтүстік макроөңірдегі техникалық және кәсіптік білім берудің бас тірек ұйымы ретінде Шымкент қаласындағы Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар жоғары колледжі таңдалып, «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылыстарын пайдалану» мамандығы бойынша кадрлар даярланатын болады. Студенттерге өндірістік практикадан өту мүмкіндігі беріледі, ал арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу жағы да жоспарланып отыр.

Сонымен, биылдан бастап еліміздің бес колледжі су саласының мамандарын даярлайтын болды. Осы саланы таңдаған жастар И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі, Мақтаарал аграрлық колледжі, Түлкібас агробизнес және туризм колледжі, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі және Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар жоғары колледжінде гидрогеология саласы бойынша білім ала алады. Осы оқу орындарында білім алатын 300-ге жуық болашақ мамандардың 90%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын болады.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ

М.Мәметова мұражайы отаншылдықтың орталығына айналды

Алматыда Отан үшін жанын пидә еткен батырлардың есімін иеленген бірнеше білім ошағы бар. Солардың арасында шығыстың Шолпаны атанған қаһарман қыз – Мәншүк Мәметова атында да мектеп бар. Аталмыш білім мекемесіне батыр қыздың есімі 1960 жылы берілген.

Рая
ЕСКЕНДІР



Аталмыш мектеппен тығыз байланысып отыратын батыр қыздың анасы Әмина Сүлейменқызы сүйікті қызы Моншағынан қалған құжаттар мен пайдаланған заттарын бір жерде тұрса деген ниетпен бастама көтереді. Осылайша 1978 жылдың 6 мамырында Мәншүктің құрметіне мектеп ішінен «Жауынгерлік даңқ» мұражайы ашылған еді. Сол мұражай бүгінде патриотизмнің үлгісі ғана емес, әскери-патриоттық тәрбиенің де орталығына айналып отыр.

Қазір мұражайда 1500-ге жуық экспонат болса, оның ішінде ең негізгісі – Мәншүк отырған парта. Соғыстан кейін бұл партаға тек оқу үздіктеріне ғана отыру құқығы берілген еді. Қазір Мәншүктің партасы мұражайда тұр. Жалпы, №28 мектептің тарихы Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты. Олай дейтініміз, сонау соғыс жылдары дәл осы мектеппен 120 мұғалім мен оқушыны мектеп директоры Геннадий Званцевтің өзі бастап, қан майданға аттанады. Сол жолы майданға кеткендердің дені оралмай, Отан үшін шайқаста ерлік көрсеткен мектептің



үш оқушысы Владимир Сасядко, Мәншүк Мәметова, Владимир Бреусов ең жоғарғы атақ Кеңес Одағының Батыры атанады. Арада қаншама жылдар өтсе де, мектеп ұжымы жауынгер ұл-қызын мақтанышпен еске алып отырады. Мұражайдың қақ төріндегі «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» деген бір ауыз сөз ерлікке бастап тұрғандай.

Бүгінде мектептің «Жауынгерлік даңқ» мұражайы тек өз елімізде ғана емес, өзге мемлекеттермен де тығыз байланыста. Мұражайдың жұмыс тәжірибесі жөнінде республиканың телеарналары мен газет-журнал беттерінде жиі айтылып келеді. Мұражайдың экскурсиялық клубы тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. «Ерлік жолымен» деп аталатын жорық құрамы жыл сайын батыр қалаларға саяхат жасап, құнды мәліметтер жинап қайтады. Мәселен, 2012 жылы мек-

теп-лицейдің «Жас сарбаз» іздестіру жасағы Ресейдің Псков облысына арнайы барып, Невель қаласы мен Әлия Молдағұлова жерленген Новооскольникоге саяхат жасап қайтқан еді. Іздестірушілер жасағы Невель қаласындағы шайқас орнында қалған Дектярев пулеметінің бос дискін, М.Мәметова қайтыс болған жерден ППШ автоматының бос дискісін, ал Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова жерленген жерден неміс солдатының дулығасын табады. Қазір бұл экспонаттар мектеп-лицейдің «Жауынгерлік даңқ» мұражайында тұр.

Лицейге қабылданған бірінші сыныптықтар алдымен «Жауынгерлік даңқ» мұражайымен танысады. Мұражайдың қабырғасында ерлік сабақтары, 100-ші атқыштар бригадасының ардагерлері Сұлтан Жиенбаев, Әли Изатов, Бекбосын Кереев, Көкен Әбенев, Қ.Құрышпаев және т.б. жауынгер-

лермен кездесулер өтіп тұрушы еді. Өкініштісі сол, биылғы жылы 100-ші қазақ атқыштар бригадасының 80 жылдығына арналған кездесуге қатысатын ешкім болмады. Ерлікке тағызым ету – жас ұрпақтың міндеті. Сондықтан жыл сайын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшелері Мәншүк Мәметованың туған күнін атап өтіп, ескерткішінің жанында еске алады.

Мәншүк Мәметова атындағы мектептің оқушылары Отан қорғаушылар, Жеңіс мерекесі қарсаңында «Офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің, ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері, «Соғыс балалары кеңесі» қоғамдық қорының, ҚР ҚМ Әскери-техникалық мектебінің қолдауымен салтанатты іс-шаралар өткізіп, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы «Мәңгілік алау» жанында құрметті қарауыл ретінде «үнсіздікпен» ерлікке құрмет көрсетеді.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АДАМГЕРШІЛІК ДӘНІ

бала жүрегіне ерте кезінен себіледі

Бүгінгі балада бәрі бар. Аспаны ашық, күні нұрлы. Бейбіт заманда өмір сүріп жатыр. Бірақ жас ұрпақ осы күндердің қиындықтармен, аға буынның жанкешті еңбегімен келгенін біліп, санасына тоқып жүргені абзал. Олардың жүріп өткен жолдары арқылы кейінгі буынның бойына патриоттық сезім, адамгершілік, үлкенді сыйлау, имандылық сынды қасиеттердің дәнін себе аларымыз сөзсіз. Біз бүгін еңбек ардагері, газетіміздің ұзақ жылдан бергі тұрақты оқырманы Майдагүл ҚЫДЫРБАЕВАНЫҢ ұрпаққа үлгі болар естелігін ұсынып отырмыз.

САНАЛЫ ҰРПАҚ

...Соғыстан кейінгі сүреңсіз ауыр тіршілік үлкенді де, кішіні де қажытқан еді. Балалық шағындағы басыңнан өткізген, онда да жұпыны киініп, бірде ток, бірде ашқұрсак бола жүріп, небір қызықты да қиын күндер қартайсаң да ұмытылмай қайта-қайта есіңе түсіп, көз алдыңнан өтіп жатады екен. Менің туған жерім – Жамбыл облысы, Байзақ ауданындағы Кеңес Одағының Батыры Акеділ Суханбаевтың атымен аталатын ауыл. Біз кішкентай болсақ та, қуғын-сүргін жылдарындағы елдің көрген азабын, қиыншылықтарын ата-анамыздан, туыстарымыздан естіп өстік. Ал соғыстан кейінгі туған ұрпақты, яғни бізді ата-аналарымыз аштықтан алып қалу үшін күн-түн демей жұмыс істеп қажыттыны, оны да бізге білдіргісі келмей шыдамдылық танытқандарын жақсы сезетінбіз. Біз сол кезде өзіміздің ойын баласы екенімізді ұмытып, үлкендердің қас-қабағына қарап, не



істеу қажет екендігін айтқызбай-ақ орындап, ерте есейдік.

ӘКЕ БЕДЕЛІ

Асқар таудай әкем артық ауыз сөзі жоқ, тек істің адамы болды. Сексен жастан асқан шағында да қара жұмыстан қалмады. 30-жылдардағы қиыншылық кезінде Ташкент асып, диқаншылықты кәсіп еткенінің көмегі, кейін бар колхоздың бақшасын егіп, ауыл-аймақты қауын-қарбызға тойғызып, олардың алғысына бөленіп жүретін. Үйде де барлық жемісті өсіретін. Үлкенге де, кішіге де бірдей қарайтын, өте бір қарапайым кісі болатын. Ауыл бойынша өтетін үлкен жиындарда қазан-қазан палау басатын. Ауылда соғыстан кейінгі жылдары жетім бала, жесір әйелге және көмек сұрай келушілерге ешқашан жоқ демейтін. Өзін ойлауға шамасы келмейтін, өзі

үшін емес, жанындағы жақындары үшін өмір сүретіндей еді. Көршінің шарбағын жөндеу, жоңышқасын орып беру, отын түсіру дегендей таусылмайтын бір тіршілікте атамның қолының ізі қалмаған жері жоқ шығар. Оның жеке басының адами қасиеттерін бағалап, ауыл адамдары «Әулие ата» деуші еді.

АНА ОРНЫ

Ал анам текемет басу, алаша тоқу, тон, тымақ тігудің шебері болатын. Құрақ көрпелері кілемдей жайнап тұратын, тіпті кейде көне мата қиындыларынан да әсем көрпелер құрайтын, қолынан өнері тамған ісмер еді. Өзі өте әңгімешіл, ашық, кімді болса да өзіне баурап алатын көпшіл кісі болды, кейбір кісілердің қылығын, жүріс-тұрысын айнытпай салатын өнері де бар еді. Денсаулығы болмай тұрса да, өзі таңдаған кейіпкерінің қылықта-

рын асқан бір қызығушылықпен айнытпай келтіріп, айналасындағы адамдардың ішкесілесін қатырушы еді. Әңгіме айтқандағы теңеулері, орынды қолданған мақал-мәтелдері, ерекше әдемі де әсем, көркем тілде лектегімен төгіліп жатушы еді. Көркем шығармаларды көп оқыған. «Қазіргі заман болса оқудың шынына шығатын едім» деп отыратын. Кейде апаммен сөйлесуден именіп те қалатынбыз. «Көздерің ашық, оқыған адам-сыңдар ғой» деп, бізден көп нәрсені сұрайтын, оның көбіне жауап бере алмаған да сәттеріміз болатын.

АҒАЙЫН

Анам басынан кешкен өмірін көп әңгімелеп отырушы еді. Солардың ішінде есін біле бастаған шақта әкесін кәмпескелеп ұстап алып кеткені, шешесі екеуі далада қалып, туыстарын жағалап қалғаны, қайда барса да аштықтан ісіп-кеуіп өлген адамдарды көргенін айтып бергенде, «әлі күнге дейін бойымды қорқыншы пен үрей билейді» деуші еді.

«Күндердің бір күнінде Әлиман әпкемнің үлкен ұлы Нұралы ат арбамен келіп, шешем екеуімізді үйіне алып келді. Әлиман әпке ірі денелі, ер кісіге ұқсайтын қайратты, көп сөзі жоқ, сұсты кісі болып көрінді маған. Ортаншы ұлы Үсібалы 21 жаста, сол бір қиын жылдары паравоз айдайтын. Әлиман әпке жүгерінің талқанынан быламық пісіріп беретін. Үлкен аяқ машинасымен іс тігіп отыратын, арасында жүгері қуырып беріп, бізге «далаға ойнап келіңдер» деуші еді. Адамдар өз баласын асырай алмай жүрген кезде анам екеуімізді бөліп-жармай пана бола білген қайран Әлиман әпкемді есіме алсам, әлі күнге дейін алғысымды жаудырамын. Әлиман әпке мен Үсібалы бөлемнің арқасында ашаршылықтан аман қалдық қой», – деп отыратын анам. Кейін сол бөлелерінен өрбіген ұрпақтарының ел танитын азаматтар болып өскенін көріп, марқайып отырушы еді.

«Тарихты жасайтын – жеке адамдар» дейтін болсақ, міне, қарапайым еңбек адамдарының да жүріп өткен жолы, олардың адамгершілік қасиеттері, өзіндегі барды өзгелермен бөліп жей білген кең пейілі, қандай қиын сәттер болмасын, адамдық болмысын жоғалтпаған келбеті бізге үлгі болуға тиіс.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [almaty-akshamy.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Алматы қаласы бойынша азық-түліктің фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының жауапкершілігіне кіреді. Инспекция бақылау-қадағалау функциясын атқара отырып, Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы», «Өсімдіктер карантині туралы» заңдарының орындалуын жүзеге асырады.

Әлем халқының саны өсуіне байланысты оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету халықаралық деңгейде өзекті мәселенің бірі. БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының мәліметтері бойынша экономикасы дамыған елдерде зиянды организмдер әсерінен потенциалды өнімді жоғалтуы қазіргі уақытта 28–35%-ға жетуі мүмкін. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау барысында жалпы өнімнің 10–12%-ы зиянкестерден, аурулардан жойылады.

2023 жылы Алматы қаласы бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларымен 70 шақты алыс және жақын шетелдерден әкелінген барлығы 175507, 051552 тонна, 79075698 дана, 151333, 16 шаршы метр, 130074 орын карантинге жатқызылған өнімдер тексерілді.

2023 жылдың екінші тоқсанында карантинге жатқызылған өнімдерді импорттау кезінде карантиндік нысан табылды. Залалданған карантинге жатқызылған өнім кері қайтарылды.

Алматы қаласы аумағында 7 карантиндік объект тіркелген, оның ішінде: карантиндік зиянкестердің 2 түрі: калифорниялық қалқаншалы сымыры, мәрмәр кандала; арамшөптердің 4 түрі: жусанжапырақты ойран шөп, көпжылдық ойраншөп және арамсоюу мен жатаған уекіре; 1 карантиндік аурудың түрі – қызанақтың қоныр қатпарлы вирусы.

2024 жылы инспекцияның ұсынысымен қала әкімдігімен карантиндік объектілер анықталған жерлерде карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы жаңа шешімі қабылданды.

Карантиндік объектілермен күресу бойынша жыл сайын өңдеу шаралары жүргізілуде.

Өсімдіктер карантині саласы бойынша 2023 жылы барлығы 67 заң бұзушылық анықталып, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 400-бабына сәйкес, әкімшілік шара қолданылып, жүз пайызға шаққанда 7590000 теңге айыппұл салынды (елу пайыздық жеңілдікпен нақты – 3795000 теңге).

Инспекция мемлекеттік қызмет көрсету саласында екі сала бойынша: фитосанитариялық және карантиндік сертификат беру бойынша халыққа қызмет көрсетуде. Өткен жылы 8985 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет алушылар тарапынан ешқандай шағым түспегені, бұл жұмыстың инспекцияда жақсы жолға қойылуына байланысты.

Алматы – республикамыздың ең ірі мегаполисі. Қала аумағы Алматы облысы жерлерінің берілуіне байланысты ұлғайғанын білеміз. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының штаттық кестеге сәйкес 19 өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары қала аумағын карантиндік объектілерден қорғау, шектеулі тараған аймақтарда олармен күресу шараларын жүргізуде үлкен жұмыс атқарауда.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы.

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Құқықтық білім беру – халықтың құқықтық сауаттылығын арттырудың маңызды шарты азаматтарға мемлекеттік органдардың қызметін және мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Осыған орай, 2024 жылдың 30 мамырында сағат 17.00-де Алматы қаласының Әділет департаменті қала әкімдігімен бірлесіп, азаматтар мен заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету басты назарда болатын «Халық заңгері» акциясын өткізеді.

Акция өтетін мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 107-үй, Қонаев университеті.

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Алматы облысы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті мемлекеттік қызметке Сотталғандар арасында тәрбие жұмысы бөлімінің теологиялық оңалту жұмысы бойынша инспектор (арнайы дінтану білімі бар), инспектор психолог, жасақ бастығы, пробадия қызметі бөлімінің инспекторы, режим және күзет бөлімінің бақылаушысы лауазымдарына кандидаттар іріктеуде. Еңбекақы 170 000 теңгеден басталады, сондай-ақ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын үй жалдағаны үшін өтемақы төленеді. Еңбек демалысы кезеңінде екі лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді және бүкіл демалыс кезеңіне жалақысы сақталады.

Байланыс телефондары 8 (727) 290-18-67, 8 (727) 290-20-42, 8 (727) 306-65-06, 8 747 008 13 50, 8 771 489 23 26, 8 702 192 04 09, 8 702 590 42 92, 8 777 492 81 88. Мекенжайы: Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 73 А.

Алмалы ауданының «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдері курстарын өткізуде.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А, телефон +7 (727) 378-88-04.
Әлеуметтік желілер: tengogam.almay.2024 (Telegram, Instagram, Facebook).

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 777 890 89 00 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды.

Орталықтың мекенжайы: Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

САРЫП АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сарып (бруцеллез) – адамдар мен жануарлар арасында кең тараған, созылмалы түріне ауысу мүмкіндігі жоғары ауыр сырқат.

Жұқпа көзі бруцеллезге шалдыққан мал болып табылады: қой, ешкі, ірі қара мал, шошқа және иттерде болады. Бруцеллез ауруы адамға тамақ арқылы, яғни ауру малдардың өнімдерін; шикі сүт, ет, кілегей, ірімшік тағамдарын пайдаланғанда жұғады. Сонымен қатар, шаруашылықта малдарды күтіп, бағу жұмыстары кезінде малдың орнын тазалағанда, мал төлдету кезінде жұқтырып алады. Ауру малдар әсіресе, түсік тастағанда, төлдеген уақытта аса қауіпті. Өйткені, төлмен, түсікпен, малдың шуымен, сүтпен, зәрімен көп мөлшерде сыртқы ортаға микробтар бөлінеді. Мал төлдету кезінде көбінесе жас төлдерді үйге кіргізу әдеті бар, бұл өте қауіпті (әсіресе, балалар үшін!).

БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Ауру қоздырғышы адам ағзасына түскен күннен 1-2 апта, кейде 1-2 ай (6 айға дейін) өткен соң адамда дене қызуының көтерілуі, тершендік, әлсіздік сияқты жіті аурудың белгілері пайда болады. Лимфа түйіндерінің, көк бауыр, бауырдың ісіп үлкеюі және тірек-қимыл аппараттарының зақымдануы, әсіресе, ірі буындардың ауырып, қабынып ісінуі байқалады.

Дәрігерге ерте барып, емдеуді бастаған жағдайда аурудан арылуы мүмкін, ал кері жағдайда ауру асқынып, жыныстық, жүйке, қимыл-тірек жүйесі және көк бауыр, бауыр зақымданады, мүгедектікке апарады.

БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕНІ ЕСТЕ ҰСТАҒАНЫМЫЗ ҚАЖЕТ?

– ас ішер алдында қолды міндетті түрде залалсыздандырып, жуыңыз;
– малдарды дер уақытында ветеринарлық тексеруден өткізіп отырыңыз;
– шаруашылықтардағы әрбір түсік тастаған мал жайында ветеринарлық қызметіне хабарлап, түсік тастаған малды дереу басқа малдардан оқшаулап және түсікті барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, ветеринарлық зертханаға зерттеу үшін жеткізіңіз;
– түсікті иттерге тастауға мүлдем рұқсат етілмейді;
– қора еденін тазалап, зарарсыздандырыңыз;
Ауру малдың етін жеуге, сүтін сатуға, ішуге болмайды.
Малдың етін сатып алмас бұрын сатушыдан малдың қаралғаны туралы мал дәрігердің анықтамасын талап ету керек. Ауаларда немесе басқа да күмән келтіретін жерлерден арзан ет, сүт өнімдерін сатып алудан аулақ болыңыз. Тек санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жасалатын сауда орындарынан сатып алыңыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ТАРИХИ ТАНЫМ

ЖАҢАҢҒА МӘЛІМ ЖОШЫ ХАН

Алматыда халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Жошы ұлысы, Алтын орда тарихына деген қызығушылық Батыс елдерінде де жоғары деңгейде. Бұл туралы бүгін Алматыда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда белгілі болды. Абай университетінде өткен ғылыми жиынға Канада, Жапония, Түркия және Германия сынды елдерден тарихшы ғалымдар қатысты.

Естай
БОЖАН

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лық тарих маманы Абдулла Гүндогду Жошы ұлысы мен Анадолы түріктері арасындағы қарым-қатынас турасында қызықты баяндамасын жасады.

Жиында Жошы ұлысынан Қазақ хандығына дейінгі кезеңге қатысты тарихи деректер де талданды. Бұл тақырып бойынша Канаданың Торонто университетінен келген ғалым Джю-Юп Лидің баяндамасы көпшіліктің қызығушылығын оятты. Дегенмен, тарихымызға қатысты кейбір мәселелерде өзімізге мейлінше түсінікті, дәстүрлі кейбір ұғымдар шетелдік ғылыми орта үшін соншалықты күрделі, әрі күңгірт тарихи дерек ретінде қарастырылатыны да белгілі болды. Айталық, ортағасырлық мемлекеттердің кейде билеушілердің атымен аталуы, тақтың немесе шаңырақтың үйдің кенжесіне

қаратылуы сынды дәстүрлі ұғымдар шетелдік ғылыми орталар үшін шешуі қиын жұмбақтарға пара-пар.

Дейтұрғанмен, профессор Джю-Юп Ли Жошы ұлысына қатысты бірқатар тың деректерді де ортаға салды. Жошы ұлысындағы түрлі халықтардың тарихына қатысты деректерді айта келіп, сөз соңында өзінің негізгі ғылыми қорытындысын келтірді. Яғни Джю-Юп Ли мырза «Қазіргі қазақтар – Жошы ұлысының ең негізгі мұрагері» деген ғылыми тұжырымға келген.

Бұдан соң жапон ғалымы Хироюки Нагаминэ араб жазуымен сақталған Жошы ұлысына қатысты деректерге талдау жасады. Әрі ондағы кейбір жаңсақ пікірлерге тоқталды. Ғылыми айналымда өзге бір елдің немесе жердің атауы ретінде аталып жүрген кейбір

атаулар шын мәнінде әртүрлі кезеңдегі Жошы ұлысына қатысты боп келетінін Нагаминэ мырза өз баяндамасында нақты дәлелдермен түсіндірді.

Әл-Фараби университеті Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Берекет Кәрібаев Алтын орда дәуірінен жеткен, қазірге дейін тілімізде, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде қолданылып жүрген кейбір тәмілдер мен мәтелдер туралы тоқталды. Айталық, «Дін өзбектен қалған» немесе «Нар мойыны Бердібектей кесілді» деген сынды тәміл сөздердің астарында Жошы ұлысы, Алтын орда кезеңіндегі тарихи оқиғалардың жатқанын талдап берді.

Жиын соңында Канададан келген ғалым Джю-Юп Лиден бірер ауыз сөйлесуге мұрсат алдық. Біздің сұрамағымыз – «Жердің арғы бетіндегі Канадада біздің орта ғасырдағы тарихымыз не үшін қызық болып жатыр екен деген сауал еді. Бұған ғалымның жауабы мынадай болды: «Анығында, мен Канадаға Корейдан қоныс аудардым. Онда менің тақырыбыма зерттеу жүргізді. Негізі, бұл бір ғана Канада не Торонтоға емес, АҚШ, Еуропа болсын – жалпы Батыс елдеріне де қызық тақырып. Торонтода көне түркі тілі және соған ұқсас тақырыптар зерттеліп келген, базасы болғасын сонда көбірек қарастырылып жатыр. Олар қазіргі Қытай, Ресей және Қазақстан сынды мемлекеттердің қалыптасуына Жошы ұлысы және соған қатар ұлыстардың үлкен әсері болғандығы себепті осы тақырыпқа қызығушылық танытады», – деді.

Айта кетерік, биыл елімізде Жошы ұлысының 800 жылдығы аталып жатыр. Алтын орданы билеушілер мен Қазақ хандығы тікелей жалғасын тапқан. Бір сөзбен айтқанда, алып Алтын орда, жалпы Жошы ұлысының заңды мұрагері ретінде әлемде қазақтар аталып жатыр. Мұндай даңқты тарихты тану, тарихи сананы жаңғырту бүгіміміз үшін аса қажет.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҮРКЕР ЖЕРГЕ ТҮСКЕНДЕ

Данагөй қариялардың «Үркер жерге түспей, күн жылымайды» деп болжам жасаған кезі келді. Енді күн күрт ысуға тиіс. Бұл Үркер шоқжұлдызының төмен түсуінің әсерінен орын алады. Үркер аспанға көтерілген сайын күн суытып, төмендеген сайын ауа райы жылынады. Қазақтың табиғат құбылыстарын, ауа райын, түрлі амалдарды зерттейтін ең сенімді аспабы – Үркер.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

жайдарлы жаздың нышаны байқалады



Бабалар жаз айындағы Үркер шоқжұлдызының батқан кезін «қырық күн шілде» басталды деп біледі. Ал Үркер шоқжұлдызы қайтадан көкжиекке көтерілген кезде күз айының басталғанын, қыстың келе жатқанын, күздің салқын тартқанын, тары мен бидайдың піскендігінен дерек береді деп ұйғарады.

Расында, Үркер шоқжұлдызы жерге түсе ме? Бұл – халық аңызы. Өте ертедегі сабилік санадан туған балаң ой мен жорамалды қиялдың көз жетпеген бұлдыр түйіні. Жұл-

дыздың жерге түсуі мүмкін емес. Бұл қырық күнде Үркер шоқжұлдызы күннің қолтығына кіреді де, ар жақ тасасында жасырын қалады. Содан өтіп шыққанша, қырық күн уақыт өтеді. Күн жарығына шағылысып көрінбей қалған үркерді баяғы ата-бабаларымыз жерге түсті деп жорыған. Қырық күн өткен соң, таң жарығында күннен алыстап, батысқа қарай жылжып бара жатқан үркерді көреміз. Бұл қозғалыс жыл сайын осылай жалғасып отырады. Дәл осы кезде жердің қызуы, құмның ем болуы, аспандағы күннің

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Жазғы бұлтқа қарап жасалған
жсoramал:

- * Бұлт желге қарай көмсе, кешікпей жаңбыр жауады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- * Бұлт өркештеніп көтерілсе, жаңбыр жауады.

де, жұлдыздардың да қатысы болғандығын қазақ жақсы білген.

Үркер маусым, шілде айларында көзден тасаланып, көрінбей кеткенде ауа райы жылынып, көк қаулап шыққан. Қысы-жазы, күні-түні малдың соңында жүретін малшы қауым «Егер Үркер жерде жатса, мәңгі жылы болар еді-ау» деп қиялдаған. Халқымызда «Үркер – жұлдыз ағасы», «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген тәмілдер осы түсінік пен құбылыстан шықса керек.

Міне, маусым айы есік қағып тұр. Күннің эзір жылитын түрі жоқ. Таңертең ұясынан күліп шыққанымен, түс ауа райы бұзылып не жел болып, не сел болып батады. Соның әсерінен түн мезгілі де жылынар емес. Неге бұлай? Бұл ненің ықпалынан болып отырған көрініс? Қазақы пайымның бұған жауабы дайын. Өткенде айтқанымыздай, қазір «Сахараның ботагөзі» төлдеп жатқан кез. Бірер күнде ол науқан аяқталып, киіктердің сол төлдерін, яғни құралайларын өргізетін кез басталады. Сол уақытта қатты ызғырықты, дауылды жел, нөсерлі жаңбыр қарқын алады. Кейбір жылдары қар аралас жаңбыр жауады.

Григорианша бүгін мамырдың – 24-і. Ай есебімен –16-шы. Ал ескіше, яғни қазақша айдың –11-і. Алта айдың ортасы мен соңғы онкүндігін қамтып тұр. Аспан денелерінің іс-қимыл әрекетіне қарағанда, 24–30 мамыр аралығында ауа райының жиі құбылуы, жаңбыр мен желдің көрініс беруі ғажап емес.